

# ПИОНЕР



СЕНТЯБРЬ

1947 ЖЫЛ

№ 9

Республикалык газеттер баспасы



Қазақстан ЛКЖО Орталық  
Комитетінің айына бір рет  
шығатын балалар журналы

СЕНТЯБРЬ 1947 ЖЫЛ

Шығуына 5 жыл



Қазақ ССР Оқу Министрінің орынбасары  
И. Нұрмамбетов жолдастың мақаласы

Жаңа оқу жылы басталды. Республикамыздың мектептері өзінің қызықты оқушылық өміріне қайта кірісті.

1-сентябрь күні барлық мектеп оқушылары үшін мерекелі күн болып есептеледі. Жыл сайын бұл күні жүз мыңдаған балалар ерте тұрып мектепке келеді. Олардың ішінде көптеген жас өспірімдер тұңғыш рет партаға кеп отырады. Олар бұл күнді зор қуанышпен асыра күтеді.

Быйыл да, құрметті балалар, сендерді таза, кең мектептерін, сүйікті мұғалімдерін күшпен жайып қарсы алды. Сендер үшін не керектің бәрі дайын. Сендерге әрдайым біздің большевиктік партиямыз, Совет өкметі және барлығымыздың әкеміз, сүйікті көсеміміз Иосиф Виссарионович Сталиннің өзі қамқорлық жасап отырады.

Өнеркәсібі шарықтап өскен, ауыл шаруашылығы, мәдениеті өркендеген тек біздің елімізде ғана болашақтың қожасы-жас балаларға осындай әкелік қамқорлық жасалған.

Өте жақсы оқу, оқығанды терең ұғып, көңілге нық тоқу, қоғам және мәдениет тіршілігіндегі жаңалықтарды білуге тырысу, совет халқының жаңа бесжылдықтағы ұлы істеріне белсене қатынасу—әрбір оқушының отаншылдық борышы болып табылады.

Мектепті бітірген біздің оқушыларымыздың саяси ой өрісі терең болу керек, олар тұрмыста күнделік кездесетін әрбір істі дұрыс шеше білуі керек, Ғылым, әдебиет және искусствомен жете әуестеніп, терең шұғылданулары тиіс.

Сендерге ұлы отанымыз туралы, батыр совет халқы және оның тәуелсіздігі жолындағы қаһармандық күрестері туралы көп нәрсені білуге тура келеді.

Әрбір мектеп оқушысы, әрбір пионер совет халқының, совет жастарының алдына Советтік Социалистік Отанымыздың күші мен қуатын күн сайын нығайту, еліміздің әл-ауқаты мен мәдениетін бұдан бұрын болып көрмеген дәрежеде өркендету сияқты өте зор міндет қойылып отырғанын естен шығармау хажет.

Бұл міндетті орындау жолында жас ұрпақ табанды, жігерлі, өз ісіне сенімді, ешбір қыйыншылықтан қорықпайтын, қандай қыйыншылықтар болса да батыл және білетін болуы керек.

Қымбатты балалар, мектепте, үйде, үйірме жұмыстарында тәртіптіліктің, әдептіліктің, ұйымшылдықтың үлгісін көрсету сендердің шәкірттік борыштарың. Мектеп өмірінің негізгі заңы — «Оқушылар үшін ережені» аброймен орындаңдар.

Советтік Отанымызды шексіз сүйіп, оның батырлық, жеңімпаздық дәстүрлерін мақтан ете біліңдер. Ленин мен Сталиннің ұлы ісін алға қарай алып баруды үйрене беріңдер.

Қымбатты балалар, партия мен үкметтің және Сталин жолдастың әкелік қамқорлығына сендер оқуды өте жақсы үлгірумен және тәртіпті болумен жауап береді және оқуда зор табыстарға жетуге барлық күш жігерлерің жұмсайды деп сенеміз.



# Мектепке



**Жумагали САИН**

Таң атты, күннің нұрымен  
Күшақтап сұлу өмірді,  
Бөленіп қызыл арайға,  
Мектеп те көзге көрінді.

Бұрынғыдан өзгеше  
Мектеп кербез сыланып,  
Маңайын гүл басыпты,  
Балалар жүр қуанып...

Бөбек күні, жан күйі,  
Ана баптап баласын.

Шөп-шөп сүйді бетінен:  
— Сен сабаққа барасын!


— Апа, — деді Гүлзада.  
— Айтшы, көзім қарасы?  
— Кітаптары қолында  
Мынау үйдің баласы...

— Білдім, сәулем, назыңды  
Әне кітап, сен де ал!  
Уқыпты бол, зерек бол!  
Қағаз да бар, қалам бар.

Мектеп — білім ордасы,  
Сені ұшырар уяң сол.  
Оқы, жаным саясы!  
Инженер бол, ғалым бол!!

— Апа, — деді тағы да,  
Айдай нұрлы ақ шолпан,  
Ал, мектепке баралық,  
Ала жаздай сағынған.

— Ақта, ата-ана сенімін,  
Мектебіңнің алды бол!  
Күнде қуант үй ішің,  
Үмітте сол, тілек сол.





Иосиф Виссарионович  
СТАЛИН

**М**оскваның тарихы — ұлы орыс халқының, бүкіл совет халқының тарихы. Қарт Москва орыс халқының басын біріктірді, орыс мемлекетін құрды, орыс елінің тәуелсіздігі мен бостандығын сақтады. Орыс халқы талай жылдар азаттық жолында ерлік күрестер жүргізді. Бостандық сүйгіш еңбекші халықтар орыс халқынан үлгі алып, Ленин — Сталин партиясының туы астына жыйналды. Большевиктер партиясының басшылығымен Орыс халқы бүкіл совет халқымен тізе қоса отырып совет үкіметін орнатты. Совет үкіметі орнанынан кейін Советтер Одағының барлық халқы Москвада желбіреген совет туының астына жыйылып, Москваны Советтік Отанымыздың жүрегіне айналдырды.

## МОСКВАНЫҢ САЛЫНУ ТОЙЫ

**М**осква мен Неглинная өзендерінің тоғысқан жерінен поселка салына бастады. Бұл поселканың осы жерге салынуында үлкен сыр бар. Бұл жер — орыс халқының өсіп өрбіген аймағының орталығы еді. Бұл бай өлкені жайлайтын орыс халқы қоныс тандап жүріп Москва мен Неглинная өзендерінің тоғысы — орыс жерінің кіндігі екенін білді. Өркі кең, қонысы шұрайлы, суы сабасынан асқан өзендері бар, ну орманды, кәсібі мол бұл саға-ата қоныс болады деп білді халық. Поселка көркейіп көзге түскенде князь Юрий Долгорукий қоныстас князь Святослав Ольговичті Москва поселкасының тойына шақырды. Бұл той 1147 жылы апрельдің 4 күні болды. Міне, осы күн Москваның туған күні болып есептеледі, тарихқа енді.



## БІРІНШІ КРЕМЛЬ

**М**осква поселкасы салынғаннан кейін бұл айналага халық мекендей бастады. Сонымен XII ғасырда Москва маңы ығы-жығы қоныстаған ел болды. Ол кез орыс халқының феодалдық дәуірдегі кезі еді. Феодалдық дәуірде ру — ру князьдықтарға бөлінген, бытыраңқы орыс халқы көршілес елдердің шабуылынан қорғану үшін мекендерін берік қорғаумен қоршайтын. Юрий Долгорукий де 1156 жылы Москваны берене қадалармен қоршатты. Ол қорған өз заманында үлкен берік қамал болды. Бұл ең бірінші кремль еді. Дегенмен Москва әлі жас еді, бұл кезде ол тек көпестердің, князьдардың жол үстіндегі түсіп аттанатын, бас қосатын жері ғана еді. Ол әлі басы біріккен бір елдің орталығына айналмаған еді.

## ОРЫС ЖЕРІН БІРІКТІРГЕН — ИВАН КАЛИТА



**М**осква XIII—XIV-ғасырларда орасан өсті. Москваны астанаға айналдыруға князь Иван Давыдович Калитаның көп еңбегі сіңді. Ол Москваға тамаша әдемі үйлер, шіркеулер салғызды. Калитаның тастан салғызған Успенскі, Архангельскі шіркеулері ол кезде үлкен кеңгі салтанат болды. Иван Калита княздығының ақырғы шағында, 1539 жылы, Москваға емен-

462303  
СЛ.Л.Л.Л.Л.

пен қорған салғызды. Ортасына тас, топырақ толтырып қос қатар қаланған емен бөренені бұзу ол кезде өте қиынға соғатын еді. Сол себепті бұл тамаша қамал деп атанды. Сонымен Москва Иван Калитаның тұсында тамаша зәулім үйлері бар, жаудан қорғанатын мықты қамалы бар ірі қалаға айналады. Калита қаланы көркейте отырып орыстардың басын біріктіруге кіріседі. Князьдықтар арасындағы түрлі істер осы Москвада шешіледі. Осыдан былай қарай орыс халқының басы бірігіп, ынтымағы арта бастайды.

Ел қамын жеп, ел ынтымағын көздеген Калитаны халық «орыс жерін біріктіруші» — деп атайды.



## „АҚТАСТЫ ҚАМАЛ“

Орыс елінің, орыс отанының мүддесі Москва-ның амандығында екенін біліп, Дмитрий Донской князьдықты қолына алысымен ақтастан қорған салғызды. Ол заманда тастан салынған қорғандар өте аз болатын. Москва сыяқты қаланы ақтасты қамалмен қоршау үлкен жұмыс еді. Бұл қорған біткен соң халық Москва-ны «Ақтасты қамал» деп атады.

«Ақтасты қамалды» алуға литван князі бір емес екі рет аттанып, түк бітіре алмай қайтты. Бұл 1368, 1370 жылдары еді. Татардың Тоқтамыс ханы да «Ақтасты қамалға» 1382 жылы шабуыл жасады. Бірақ, ол да ала алмады.

Бұл тартыстардан кейін орыс халқының мәртебесі көтеріліп, Москваның даңқы арта түседі. Осыдан былай қала орасан өседі. Енді қорған ішінде үй салатын жер болмаған соң жұрт оның айналасына юрын тебе бастайды. Бұл Москваның өсіп сол кездегі дүние жүзіндегі үлкен астаналардың қатарына қосылған кезі еді. Москваның осы бетімен өркендеп өсе беруі орыс халқының шаруашылығын, мәдениетін қарыштап дамытады. Орыстың елдік салтанаты артып, орыс мемлекеті құрылады. Сонымен Москва XV-ғасырдың аяқ шенінде бүкіл орыс мемлекетінің астанасы болып, өз халқын аясында ұстайды.

## ТАТАР ХАНДЫҒЫНЫҢ КҮЙРЕУІ

Москваның XVI-ғасырдағы өркендеуі Иван Грозныйдың өміріне байланысты. Ол, орыс мемлекеті тарихынан үлкен орын алатын адам. Иван Грозный сол күнге дейін орыс тұрмысында қалмай келген феодалдық бытыранқылықты жойып, қуатты бір орталыққа бағынатын мемлекет құрды.

Иван Грозный орыстың ежелгі жауы татар хандығын жеңіп, 1552 жылы Казан қаласын алды. Бұл орыс қаруының даңқын дүние жүзіне жайды. Грозныйдың Москваға келуін халық үлкен қошеметпен қарсы алды. Бұл жеңіске арналып шіркеулер салынды. Ол заманда шіркеулер бір жеңіске, қуанышқа арналып салынатын.

## МОСКВА УНИВЕРСИТЕТІНІҢ АШЫЛУЫ



XVII — ғасыр Москва мемлекетінің өркендеу кезеңіне келген дәуірі. Бұл кезде барлық мемлекеттік мекемелер Москваға жыйналады. Шетел елшілері де көбейе бастайды. Москвада салтанатты мерекелер, жыйындар, тойлар көбейеді. Осының бәрі Москваның көркін арттырып, көлемін үлкейте береді.


Москва орыстың мәдени орталығына айналғаннан кейін, мұнда 1775 — жылы орыстың тұңғыш ғылым ордасы — Москва университеті ашылады. Оны ұйымдастырған орыстың бірінші ғалымы М. В. Ломоносов. Бұл орыс тарихында тұңғыш ашылған жоғарғы оқу орны еді. Орыс ғылымы мен мәдениет орындарының көркі болған Москва университеті талай-талай ғалымдар, ақын-жазушылар, халық ісі үшін күресшілер, тәрбиелеп шығарды.




## МОСКВАНЫҢ ӨРТЕНУІ

Францияның Наполеон бастаған басқыншы әскері батыс Европадағы мемлекеттерді бірінен кейін бірін өзіне бағындырды. Бұл жеңістерге мастанған Наполеон 1812 жылы Ресейге шабуыл жасады. Наполеонның шабуылына қарсы бүкіл орыс халқы аттанды. Барлық күшті Отан мүддесіне жұмсауға бел бұған халық. Франция әскері сентябьдің 2 күні Москваға келіп кіргенде, қаланы өртей бастады.

Бір күннің ішінде-ақ шалқыған ұлы Москваны өрт алды. Аш қасқырдай араны ашып, Москвадан қарық боламыз деген француздардың берекесі қашты. Москва Кремлінің көп сарайында шалқымақ болған император Наполеон бір-ақ түннен 4 сентябрьде Кремльден үркіп шықты. Үлкен жеңіс жұлжылар бойы миллиондаған халықтың еңбегімен салынған қарт Москва бірнеше күн ішінде өртеніп, жоқ болды. Өрттен кейін Москваның бұрынғы 9151 үйіненекі жүзге жуық-ақ тас үй қалды.



Бұл Казан қалы



Академиялық үлкен театр

Москваның өртенуінде үлкен сыр бар еді. Данч орыс халқы күші жауды күйрету үшін қару жұмсаумен қоса тәсіл де қолдану керектігін жақсы білді. Сол себепті ұлы қолбасшы Кутузов орыс армиясының күшін ыдыратпай, қатты соққы беруге әзірлену үшін, Москвадан шығып орман ішінде жасақтанды. Ол өз күн ішінде тастай түйіліп француздарды жайдың оғындай жайпамақ болды. Кутузов француздар Москваға кірісімен-ақ жол тораптарын кесіп тастауды, Москваны өртеп кетуді халыққа тапсырды. Орыс халқы ұлы қолбасшының бұл дауа ойын жақсы түсініп, Отан үшін, тәуелсіздік үшін, ауыр құрбандықтарға шыдады. Жолдар кесіліп, азық-түліксіз қалған француздар Москвадан тайқып шыққанда, мықтап хателескендерін анық ездді.

Ержүрек орыс халқы Наполеонның 100 мың әскерін Ресейдің байтақ даласында қырып салды. Бұл оқыйға, «1812 жылғы отан сырысы» деп аталады.

### МОСКВА ҮШ РЕВОЛЮЦИЯНЫ БАСЫНАН ӨТКІЗДІ

**1905**

жылғы революцияда Москваның большевиктер ұйымы патша үкметін құлату жолындағы күресте жұмысшы табының жауынгер жетекшісі болды. Осының арқасында Москваның 125 кәсіп орындағы жұмысшылар көтеріліске шықты.

1905 жылдың күзінде Москва пролетариаты жалпы Ресейлік көтерілісі ұйымдастырудың бастаушысы болды. Мұны 19 сентябрьде басшылардың көтерілісі басталды, одан кейін басқа кәсіп орындарындағы жұмысшылардың да көтерілісі болды. Москва-Казан және басқа темір жолдардың жұмысшылары мен қызметкерлері де көтеріліп, Бұл көтеріліс бүкіл елді қамтыды. «Москва мен Петроград революцияшыл пролетариат бастамасының абройын өз ара бөлісіп алды» (Ленин).

1917 жылғы февральдың 27нен 28не қарай түнде Петроградта патша үкметінің құлатылуы және буржуазиялық демократиялық революцияның жеңуі туралы

Москвада хабар алынды. Большевиктердің Москва комитетінің шақыруы бойынша жалпы көтеріліс басталды. Жұмысшылар мен солдаттар қару жарақ қоймаларын, вокзалдарды, телеграфты, байланыс орындарын алды. Патша өкмет орындарының адамдары тұтқындалынды.

Москваның большевиктері Ленин мен Сталиннің нұсқауларын басшылыққа ала отырып бұқара арасында төзімділікпен түсінік жұмысын жүргізіп, революцияның жауларын — меньшевиктер мен есерлерді әшкерлеп, пролетариат революциясының бұқаралық саяси армиясын құрды.

1917 жылы июнь күндерінде жұмысшылар мен солдаттардың бейбіт демонстрациясын талқандағаннан кейін, большевиктердің Москва комитетінің шақыруы бойынша жұмысшылардың жалпы көтерілісі жарияланды. Оған Москва пролетариатының 400 мың адамы қатысты. 26 октябрь күні кешке партияның Москва округтік және облыстық комитеттерінің төтенше шақырылған мәжілісінде Ярославский мен Землячка жолдастар келіс сөз жүргізу тоқтатылсын, соғыс

әрекеті басталсын деп ұсыныс жасады. Ұсыныс қабылданды. 27 октябрьде Москва көшелерінде совет өкметі үшін қан төгіс ұрыстар болды, бұл ұрыстар апта бойы тоқталмайды. Ленин мен Сталиннің нұсқауы бойынша Петроград жұмысшылары көтеріліс жасаушы Москва пролетариатына көмекке 2 мың Қызыл гвардияшылар мен теңізшілерді жіберді. 3 ноябрь күні төңертең контрреволюционерлер өздерінің барлық бекініс пункттерінен қуылып шығарылды. Кремль алынды, қолға түскен офицерлер мен юнкерлер қарусыздандырылды. Москвада социалистік революция жеңді.

1918 жылы март айында В. И. Ленин мен И. В. Сталин бастаған совет үкметі Петроградтан Москваға көшіп келді. Содан бері қарай Москва совет мемлекетінің астанасы.



### МОСКВА — СОВЕТ МЕМЛЕКЕТІНІҢ АСТАНАСЫ



лы октябрьден кейін совет мемлекетінің астанасы Петроградтан Москваға көшті. Москва бұдан былай қарай бүкіл совет мемлекетінің, бүкіл совет халқының жүрегі, мақтанышы болды.

Заманымыздың асқан кеменгері данышпан ағамыз Сталин осы Москвада тұрады. Совет халқы Сталиннің даналығымен жасалған жаңа заң — жеңген социализм елінің Конституциясын осы Москвада қабылдады. Большевиктер партиясының съездері осы Москвада өтеді. БК(б)П Орталық Комитеті де Москвада. Халық депутаттары да осында келіп маңызды мәселелерді шешеді. Сталиндік бесжылдықтардың ұлы жоспарлары да осы Москвада жасалды.

Москва көп ұлтты ұлы мемлекеттің астанасы. Москва сыяқты қайнаған өмірдің думаны, үлкен қала дүниесінің ешқайсысында жоқ. Өйткені совет елінің өмірі қандай қызық болса, оның жүрегі — Москваның өмірі де сонша қызық.

## ҚЫЗЫЛ АЛАҢ



**Б**аяғы заманда бұл алаңда үлкен базарлар болатын. Базарға түрлі-түсті, әдемі маталар, заттар көп түсетін. Онымен бірге бұл алаңда қызықты тойлар, жыйындар өткізілетін. Тойға келгендер де барын киініп келетін, сонда алаң көріктеніп, қызылды — жасылды болып түрленетін. Ылғый думанның бас қосатын қызықты жері болғандықтан халық бұл алаңды қызыл, қызық, тамаша алаң деп түрліше атайтын болған. Ақырында сол түрліше аталудан бір ат-Қызыл алаң деген ат-байыры бөп қалған. Қызыл алаң сол бағыс атымен аталып келе жатыр.

Қызыл алаң деген атқа біздің заманымызда тағы бір ұғым қосылды. Октябрь революциясында төгілген еңбекші халықтың қанының түсі-қызыл түс. Қызыл алаң жәділ заманымызды қан төгумен жеңіп алған бостандықтың, жеңістің алаңы.


Қызыл алаңның төрінде қарт Кремль, Кремльдің алдында Лениннің мавзолейі бар. Данышпаң Ленинді көруге келген халық үнемі тізбектеліп өтіп жатады.

Кремльдің осы мавзолей жақ іргесіне совет мемлекетінің, большевиктік партияның тамаша қайраткерлері: Свердлов, Дзержинский, Фрунзе, Киров, Куйбышев, Орджоникидзе жерленген. Бұл жерде Михаил Иванович Калининнің де табыты бар. Ол жерде орыс халқының ұлы жазушысы Горькийдің де сүйегі бар.

Мереке күндерінде көсеміміз, ұстазымыз, кеменгер әкеміз Сталин мавзолейдің шығында тұрып, халықын құттықтайды.

Мавзолейдің алдындағы Кремль қорғанынан ССР Одағы Жоғарғы Совет Президиумы мен ССР Одағы Министрлер Советі үйінің күмбезі көрінеді. Күмбездің төбесінде ССР Одағының қырмызы қызыл Туы желбірейді. Бұл біздің мемлекеттік Туымыз.

## МОСКВА—ЖОЛДАР ТОРАБЫ



**О**ктябрь революциясына дейін Москва өзені шілдеден былай қарай тартылып, қалада су тапшы болатын еді. Ал қазір бұрынғы Москва өзенінің суы көбейіп, сапасы кеңіді. Қазір Москвадағы тек су түтіктерімен күн сайын 100 миллион шелек су ағады. Мұның бәрі Еділ өзенінен Москва өзеніне құйылған жаңа су. Еділдің суы Москва өзеніне құйылғаннан кейін Москва өзенінің суы бұрынғыдан 3 метр жоғары көтерілді. Москва, Еділ каналы арқасында астанамыз үш теңіздің су торабына айналды. Олар Ақ, Балтық, Қаспиа теңіздері. Москва өзенінен жүретін кемелер осы теңіздерге тарап кетіп жатады.

Москвадан 16 одақтас республикалардың орталық қалаларының бәріне дерлік тікелей қатынасатын темір жолдар бар. Бұл темір жолдар мен күніне мыңдаған жолаушылар, жүк «неген эшолондар» жүріп жатады.

Астанамыздың темір жолымен қатар жер астында телефон жолдары бар. Метроның тамаша станциялары бүкіл астана астындағы электр қуаттарының торабы болып, қалаға электр қуатын таратады. Москваның су жолына, жер астындағы метроның электр поездарына, телефон жолдарына, темір жолдарына жақында жаңадан бір жол қосылды. Ол, Саратов қаласынан Москваға дейін 800 километр созылған газ жолы. Москва енді отын орнына газ пайдаланады. Сөйтіп, астанамыз әрі су, әрі электр, әрі телефон, әрі газ жолдарының тораптарына айналды.

## МОСКВА—ӨНЕРКӘСІП ОРТАЛЫҒЫ



**Р**еволуциядан бұрынғы Москваны халық «мәтаны Москва» дейтін. Бұл дұрыс атау еді. Ол кезде Москвадағы өнеркәсіптің ең бастысы мата фабрикасы болатын. Бұрын Москвадағы кішігірім заводтар сым темір, шеге, балта бұрында сыяқты ұсақ-түйек заттар ғана жасап шығаратын. Ал, қазір совет Москвасы болат қорытатын, күрделі машиналар жасайтын үлкен өнеркәсіп орталығына айналды. 30 жылдың ішінде Москва заводтарының шығаратын өнімі жүз есе өсті. Астанада талай алып өнеркәсіп орындары салынды.

Бұрынғы Москвадағы Рябушинский дейтін байдың автомобиль жөндейтін кішкене мастерскаясының орнына Сталин атындағы атақты автомобиль заводы орнады. Көсем атындағы бұл завод бүкіл совет халқының мақтанышы. Ол завод үлкен жүк автомобильдерін де, әдемі «ЗИС — 110» сыяқты жеңіл автомобильдерді де шығарады.

Москва шетіндегі баяғы ескі «Шуга батпағы» дейтін жерге «Шарикоподшипник» заводы салынды. Бұл дүние жүзіндегі ірі заводтардың бірі. Бұл завод сан миллион болат шарикоподшипниктер құйып шығарады.

Сталин атындағы автомобиль заводының қасынан «Динамо» заводы салынды. Бұл завод электр моторларын жасайды. Ол біздің темір жолдарымызға электро-воздар, троллейбус моторларын және метродағы электр поездардың моторларын жасап шығарды. Совет елінің дегі барлық электр моторлары осы «Динамо» заводынан шығарылады.

Москвада барлық завод, фабрикалардың санын атап жату қиын. Олардың бәрі сталиндік бесжылдықтарда салынған кәсіпорындары. Москвада ірі өнеркәсіп пен бірге жеңіл өнеркәсіп мейлінше өркендеді. Қазіргі кезде мұндағы тоқыма фабрикаларының шығаратын матасы бұрынғыдан үш есе артық. Баяғы аяқ киімді қолдан тігетін, Михайлов көпестің дүкенінің орнын қазір «Парижская коммуна» фабрикасы басты. Бұл фабрика жыл сайын сан миллион аяқ киім тігеді.

## МОСКВА-ЕЛІМІЗДІҢ МӘДЕНИ ОРТАЛЫҒЫ



**М**осквада күн сайын жарты миллионға жуық балалар оқуға барады. Астанамызда жүздеген тамаша жаңа мектептер салынды. Москвадағы әрбір он шәкірттің жетеуі қазір жаңадан салынған мектептерде оқиды.

Күн сайын Москвада жүз мыңдаған студенттер жоғары оқу орындарына келіп сабақ оқиды. Москвада еліміздің қалалары мен селоларының жас адамдары келешекте ғалым болуға талаптанады. Бұлардың ішінде барлық совет халықтарының ұл мен қыздары бар. Москваның жоғарғы оқу орындарын бітіріп жыл сайын сан мың мамандар еліміздің бұрын-бұрышына тарап жатады.

Бұрынғы Москваның шет жағы — кең Калуга көшесінде Советтер Одағының Ғылым Академиясы бар. Академияның мәжілістеріне еліміздің көрнекті ғалымдары жыйналады. Онда бүкіл дүние жүзіне белгілі совет елінің атақты ғалымдары бар.

Астанада В. И. Ленин атындағы Бүкіл Одақтық ауыл шаруашылығы ғылымдарының Академиясы, Қоғам ғылымдарының Академиясы, Педагогика, Медицина, Архитектура, Артиллерия академиялары бар. Осы академиялардың басшылығымен бір Москваның өзінде ондаған институттар, 15 мыңнан астам ғылыми қызметкерлер жұмыс істейді.

Москвадағы музейге күн сайын 200 мыңнан астам адам келіп тұрады. Олар Ленин музейіне кіріп, барлық адам баласының даналық қасиетін бойына жыйнаған данышпан адамның өмірін, жұмысын көріп сүйсінеді.

Горький атындағы көшеде Революция музейі бар. Бұл музейде талай заманнан бергі мәдени мұралар сақталады. Олардың ішінде ескі заманның кітаптары, газеттері бар. Осылардың бәрі біздің халқымыздың құлдыққа, басыбайлылыққа, қанаушылыққа қарсы жүргізген даңқты күрестерінің тарихын баяндайды.

Москваның бір елеусіз көшесінде Третьяков галереясы бар. Мұнда атакты орыс суретшілерінің 30 мыңнан астам еңбектері жыйналған. Пушкин атындағы көркем сурет музейінде дүние жүзі көркемөнерінің талай жүз жылдан бергі муралары сақтаулы. Астанада В. И. Ленин атындағы мемлекеттік кітапхана бар. Ол, Советтер Одағының кітап қоймасы деп аталады. Бұл кітапханада 10 миллионнан астам кітап бар.

Москва театрларының даңқы бүкіл елімізге жайылған. Москваның Үлкен Театры еліміздің салтанатты мерекелерінің дәстүрлі ордасы сыяқты. Бұл театрда Иосиф Виссарионович Сталиннің жалынды үні талай рет елімізге тарады. Бұл атакты Үлкен Театрға Советтер Одағының асқан өнерпаздары келіп, өздерінің үздік таланттарын жұртқа көрсетеді.

күндері жерқайысқан совет қолы, халық жасағы Москва маңының әр көдесін, әр адым жерін қорғады. Бұл күндері әрбір совет азаматы Отан жүрегін жауға бермеу үшін қандай қиындыққа болса да дайын екенін көрсетті. Осы ұрыста қазақстандықтар астананың қақпасы болған Волоколамскі тас жолында Отанымыздың жүрегін төсіп төсеп қорғалы, Москваға қарай жауды бір адым да беттетпеді.

Қаһарлы қауыпті күндерде кементер Сталин тапжылмастан Москваны өзінде отырып ұрыс қыймылын басқарды. Москваны қорғауды Сталин жолдастың өзі басқарғандығы совет әскеріне, совет халқына үлкен жігер берді. Москваны қорғаған әрбір жауынгер Сталиннің есімін ұран етіп алға ұмтылды.

Москва түбінде совет әскері немістерге қарсы шабуылға шықты. Біздің әскерлеріміз бес күн ұдайы сұрапыл шабуыл жасап, немістерді Москва маңынан әлде қайда кейін қуып тастады. Сөйтіп Москва түбінде Қызыл Армия неміс басқыншыларын қыйрата жеңді.

Мұнан кейін жеңістен жеңіске жеткен айбынды совет әскерлерінің хұрметіне Советтер Одағының астанасы Москва үсті-үстіне салют беріп жатты.

Ұлы Отан соғысы жеңіспен аяқталғаннан кейін Москваның еңбекшілері бүкіл совет халқымен бірге сталиндік жана бесжылдықтың жоспарын іске асыруға барлық күшін жұмылдырды.

## 1941 МОСКВА ТҮБІНДЕГІ УРЫС



жылдың 22 июнінде тұтқыйылдан Отанымызға опасыздықпен шабуыл жасаған неміс-фашистер тура Москваға ұмтылды. Олар бейбіт халықты қыргынға ұшырата отырып, октябрь айында Москваға жетті. Бірақ, Москва теңіз келген жаудан сескенбей бұрынғысына жауға такаббарлана қарады.

Гитлер неміс армиясына берген бұйрығында, Москваны алу мерзімін 16 октябрьге белгіледі. Қызыл Армия фашист жыртықшытарының бұл жоспарын іске асырмай тастады. Гитлер екінші рет бұйрық берді. Онда 7 ноябрьге дейін Москваны қайткенде алуды бұйырады. Немістер тап 7-ноябрь күні, Гитлер Москваның Қызыл алаңын келіп, «жеңімпаз» неміс әскерінің парадын қабылдайды деп көкіді. Бұл зұлымдық та іске асқан жоқ.

Ұлы Октябрь Социалистік Революциясының 24 жылдағы күні қаніпезер фашистер өңешін Москваға қанша созғанымен жете алмады. 7 — ноябрьде Москваның Қызыл алаңында Қызыл Армияның дәстүрлі парады болды. Совет армиясы бұрынғысындай бұл алаңда салтанатты парадқа жыйналды. Осы күні ұлы Сталин бұрынғысындай Ленин мавзолейінің ыйығына келіп, айбынды сөз сөйледі, халқына жеңіс жолын көрсетті.

Намысы күшті бүкіл совет халқы большевиктік партияның туы астына бұрынғыдан да берік топталды. Москваны жаудан қорғап қалуға ант берді. Москваны қорғауға еліміздің барлық түкпір — түкпірінен халық ағытылып келіп жатты. Тылдағы еңбекшілер астананы қорғауға хажетті қару-жарақты, киім-кешекті, азық-түлікті мол етіп жеткізіп жатты. Бұл

## МОСКВА — ҚАЗАҚ ХАЛҚЫНЫҢ ДА СҮЙІКТІ АСТАНАСЫ



Москва Ұлы Октябрь социалистік революциясы арқасында азаттық алып өркендеген қазақ халқына да ардақты. 1920 — жылы советтік Москвада ұлы Ленин Қазақ Автономиялы Советтік Социалистік Республикасын құру туралы тарихи документке қол қойды.

Бейбіт социалистік құрылыс жылдарында жалынды большевик Сергей Миронович Киров Қазақстанға келді.

Киров жолдас жалынды сөзімен, қажырлы іспен қазақ халқын жігерлендіріп, еңбек майданында ерлік істерге жұмылдырды. Халықтың сүйіктісі Михаил Иванович Калинин қазақ аулында колхозшы қазақ шаруаларына жерді мәңгі пайдалану актысын өз қолымен тапсырды және Сталин жолдас Москвада қазақ халқының түрі ұлттық, мазмұны социалистік көркем өнері мен әдебиетінің өкілдерін құттықтады.

Гитлершілер армиясын талқандаған, Москва түбіндегі ұлы ұрыста Қазақстанда құрылған генерал Панфилов атындағы 8 гвардия дивизиясы мәңгі өшпейтін даңққа ие болды. 28 панфиловшы гвардияшылардың теңдесі жоқ ерлігіне бүкіл совет халқы сүйсінеді.

Москваның бейнесі — совет халқының қаһармандық дәстүрінің және оның ертеңгі күнінің ұлы сәулесінің бейнесі. Москва, Қызыл алаң — әрбір совет адамы үшін қасиетті жер. Сан мыңдаған совет адамдары Кремльдің қабырғасының оңанындағы Ленин Мавзолейінің алдына тоқтап, шын жүректен шыққан алғысын айтады. Әрі қарт, әрі мәңгі жасара беретін Москва біздің халықтарымыздың көркі мен мақтанышы. Ол мызғымас берік камал болып қала бермек.







ЕРТЕІН — АН ІЗ

(Соңы. Басы өткен, [сөз тағды])

М. ПРИШВИН

Суреттерін жасаған Н. ЛЕБЕДЕВ

Қара жылымдары сауысқандар, қоянның жақындағанын естіп, екі жарылып отырғанды: Бір бөлегі кішкентай адамның қасында қалып:

— Дрити-тити! — деп шықылықтады.

Енді бір бөлегі қоян жаққа қарап:

— Драта-тата! — деп шулады:

Сауысқандардың дегбірі кетіп, не деп бұлініп тұрғанын табу қиын. Адам байыбына барып болмайды. Көмекке шақырып тұр дейін десең — неден қысылып тұр, не қылған көмек бұларға? Егер сөйткіп дабыралап тұрғанда, ит пен адамның бірі келіп қап, өздері дәмсінен құр қалса, не бетін айтпақ. Бұлар әлде жар салып, сауысқандар ұрпағын қанды тойға шақырып тұрған жоқ па екен.

Үймелеген сауысқандар кішкентай адамзатқа қарай умтыла секіріп, бірте-бірте таянып:

— Дрити-тити! — деп, тағы сұқтанды.

Оқталғаны болмаса, секіріп тап қасына келуге бата алмайды. Себебі адамзаттың екі қолы бос еді. Бір мезгілде сауысқандар жау тигендей сасып: екі жағы бір-бірімен қойдай тоғысып, мыйдай араласты.

Мұнысы — Қара жылымға қоян кеп қалды дегені еді.

Көк қоян Травкадан талай-талай жалтарып құтылып көргенді. Қысылшаң, екі-талай жерлерде жалт бұрылып, иттің үстінен ырғып кеткен кезі де болған. Тазының, қуса, жететінің, қулыққа мінбей құтылмайтынын бұл қоян жақсы білетін. Әлінде қоян, кішкентай адамға жетпей, Қара жылымның нақ алдына кеп тұра қап: сауысқандарды есек деме қылғанда, осындай бір бақпа ақылмен тұрған еді. Барлық сауысқан шыршалардың саусақ сынды бастарына жапатармағай отырып ап, қоянға:

— Драта-тата! — деп шулай қалды.

Бірақ қояндардың бір қасиеті — бұл қыйқуға мән бермейді. Қоян сауысқанға жан екен деп көңіл бөлмейді. Жардан секірген лақтай, әрлі-берлі үйіріліп-ойнап жүре береді. Осындайын көргенде: сауысқанның шықылықтағанында тұрған іштеңе жоқ. Өздері адамның кейбір кездері сыяқты, кейде іші пысқан соң аузына келгенін айтып, әншейін уақыт өткізеді-ау деген ой салады.

Көк қоян, болар-болмас кідіріп тұрып, бір рет орғып түсті. Аңшылардың сөзімен айтқанда, бір жағына жалтарып, із тастады. Бұл арада азғана бөгеліп, екінші жаққа допша лақтырылды. Одап әрі оншақты рет кібіртіктеп секіріп, ақсақ бұлкөкпен барып-барып, үшінші жақ-

қа бұлт етіп тағы да із тастады. Осы жерде келген ізіне қарап жата қалды. Бұл, егер Травка із тастағаныма түсініп қап, үшінші бұлттарысымды тауып келе қалғандай болса, өзінен бұрын көріп қалайын деген есебі еді.

Әрине, қоянның бұл қулығы ақыл-ақ. Әйткенмен де із тастағаны — қатерлі, екі талай нәрсе: қоянның ылғый ізіне қарап жататынын ақылды тазы да білмейді емес. Оған орай бұ да қулық жасайды: із тастағыш қоянды ізбен жүріп емес, әуені сүзіп иіскеп жүріп табады. Үріп қуып келе жатқан тазы пышақпен кескендей үндемей қалса: тұмсығымен әуені аралай тінтіп, қорқынышты шеңберін сыза бастағаны.. Әбден осындайдан жүрегі шайлығып, зәтте болған қоян сорлы, ізіне түскен ит үнін қойып, тым-тырыс бола қалғанын естігенде, бұл тымырсық тыныштықтың әр жағында не барын сезеді. Зәресі тас төбесіне шығып, кішкентай денесін қоярға кең дүниеден жер таппайды. Көкірегінде бір жаппрақ жүрегі аттай тулап, мотордай сартылдайды..

Бұл жолы бір сапарға қоян ісі оңғарылды, жолы болды: Травка жылым жақта әуені иіскеп айнала беріп, бірдеңеге кездесіп қалды. Сол-ақ екен, сол жерден бір адам даусы саяқ өтті, шу көтерілді. Түбі қорқынышты зілді шу..


Көк қоян бұл жайды ұғынды. Бұлкөк-бұлкөк секіріп, мысықтай бұғып, әлгі ізімен кейін, қой тасқа қарай қашып барады. Ішінен: «пәледен мен аулақ, пәле менен аулақ», — деп, сыры мәлім жат дауыстан безгендей.

Травка қоянның соңынан Қара жылымға күйғытып келе жатқан еді. Қарсы алдында он қадамдай жерден өңмен-түстей, бір адамның көзіне көзі түсіп кетті. Қоянды ұмытып, қарап тұра қалды.

Жылымға қолтырына дейін бойлап тұрған жұдырықтай адамға Травканың қадалып қарап, не ойлап тұрғанын білу қиын еместі. Біз бір-бірімізге нана әртүрлі боп көрінеміз ғой. Травка үшін екі-ақ түрлі адам бар. Оның бірі—мын түрлі жүзі бар бір Антипыч. Екінші адам — Антипычтың жауы. Есті, жақсы иттің бір көрген адамға бірден таяқ қоймай, жатырқап тұрғаны сол еді. «Антипычтың өзі ме, әлде жауы ма?» — деп, абайлап тұр.

Уясына еніп бара жатқан күннің ақырғы сәулесімен қызарған бетке Травка ұзақ үнілді.

Кішкентай адамның көз жанары өлімге бойұрған, буалдыр, сойінкі екен. Бір мезгілде күнгірт көздер тіршілік отын шашып, жалтырап кетті. Травка мұны байқап қалды. Шырадай жанған көздерін жылыушыратып: «Сірә бұл Антипычым емес пе екен» — деп ойлады. Іші



жылып, құйрығының ұшын болар-болмас қымын еткізді.

Травканың Антипычын шырамытып тұрып, не ойлағанын қайлап білейік. Әйтседе, жобалауға әбден болады.

Кейде бір тоғай ішінде жылға судың тынық құйылысына енкейсеніз, судан, айнадағы сыяқты, кәдімгі адамды көресіз. Травка үшін оның Антипычы қандай көрінсе, тап сондай бір үлкен, аяулы адам. Артыңнан сен енкейсең — ол да енкейіп, айнадай суға сен үнілсең о да үніледі. Жалтыр судың шарықтабақ айнасының ішінде: қалықтаған ақ мамық бұлттар, Сыңсыған тоғай. Ана шетте күн, төмен құлдырап батып барады. Мына жақта жаңа тұман ай діріл қағады. Жұлдыздар жылт-жылт етеді. Табиғаттың осы көркін айнаға өзімен бірге ала түскен адам көз тандайды: тым құлпырып, сәулеттеніп көрінеді. Осындай суретті көргеніңіз есіңізде ме?

Міні, тап сол сыяқты: сіре Травканың көзіне де әр адамның жүзінен, айнадағы сыяқты, барлық адам бір Антипыч боп көрінеді білем. Сол үшін кімді көрсе мойнына асыла түсуге ытығады. Бірақ, басынан өткен тәжірибеден, маңдайына тас тигеннен білгенді: Антипычтың жауы бар. Оның да беті Антипычтан аумаған.

Сол сөбенгі әккі ит істің ақырын бағып тұр.

Сөйткенше Қара жылым тазының да аяғын саумалап тартып бара жатыр екен. Егер енді азырақ тұрса, суырылмай қалатын. Аялдауға болмайтынды.

Антипыч — айгулы, қабырғалы еншы болған кісі емес пе: тазысының атын, әрине, еншыларша қойғанды. Біздің Травкамызды орыс халқының «травить» \*) деген сөзінен алып, о баста «Затравка» \*\*) деп атайтын. Кейін еншының берген бұл аты ауыз ішінде былға-лақтап-үйірліп жүріп: тілге жеңіл, әлемі «Травка» \*\*\*) деген ат боп шыққанды. Антипыч біздің жаққа соңғы рет келгенге дейін итінің атын «Затравка» дейтін. Әлгінде Митрашаның екі көзі жайнап кеткен себебі — осы ат есіне кеп түсіп еді. Бұдан кейін кішкентай адамның өлім таңбасы басылып, жансыз көгерген ерні, қан жүгіріп қызарып, бұлік етті. Травка соны да көріп, құйрығын тағы қымын еткізді. Мына жазапты

\*) «Травить» — бұл арада: «ит жүгірту» «аңға ит қосу» деген сөз.

\*\*) «Затравка» — «аң өлтіргіш», «топайдай алып ұрғыш», «Алып соқ» деген мағылада.

\*\*\*) «Травка» — «Аңға жеткіш», «Жел-құйын», «Құмай» деген сыяқты ат. — Ислам ж.

қараныз: көрі Антипычтың сонау бір көрі замандағысы сыяқты, кішкентай, жаңа таныс, жас Антипыч:

— Затравка! — деді.

Травка Антипычын танып, көсіліп жата кетті.

— Қәне-қәне, кел бермен, ақылды жануар! — деп шақырды Антипыч.

Сонда Травка, мезіретіне ожауабым дегендей, бір-екі жылжыды.

Бірақ, кішкентай адам қызықтырып, арбап шақырғанда, ит көңіліндей, шып жүректен емес, артында бір бүкпесі болатын. Кішкене адамның сөзінде, Травка ойлағандай, достық пен қуаныш қана емес, өз басын құтқарудың қулық жоспары да барды. Егер ол бұл жоспарын түсіндіріп айтып бере алса, ит оны құтқаруға қуана-қуана жүгірер еді. Ол әттең ойын оған ұғындыра алмады. Сол үшін Травканы жылы сөзбен алдауға тиіс еді.

— Затравкашым, айналайын Затравкаштан! — деді тәтті дауыспен еркелетіп.

Сонда бала өзі-ішінен: «бәлем, жылжый түс бері, жылжый түс», — деп тұр.

Иттің кіршіксіз адал көңілі Антипычтың тақылдаған сөздерінде бір шикілік бар-ау деп күдіктеніп, бір сырғып, бір тоқтайды.

— Қәне, қарғашым, бермен қарай тағы-тағы...

Сонда өзі ішінен: «келші бір, бәлем», — деп тұр.

Ит ақырын-ақырын жылжып келеді. Қазірдің өзінде-ақ батпақ бетінде жалпағынан жатқан мылтыққа сүйеніп, ілгері сәл енкейіп қолын созса, иттің басынан сыйпай алар еді. Бірақ етіне еті зәредей тиіп кетсе, — қыңсылап қуанып, басына бір-ақ сөкіреді де батырады. Қу бала мұны біліп тұр.

Білді де, кішкене адам үлкен жүрегін тоқтата қойды. «Я өлдім, я қалдым», — деп, күрес бітерде бір соғудың сертінде тұрған жауынгер сыяқты: бала қапы қалмай дәл қысылдағалы демін ішіне тартып бағып тұр.

Травка енді сырғып, мойнына асыла түсер ме еді, қайтер еді, бірақ кішкене адам есебінен жаңылмады: оң қолын алға созып жіберіп, үлкен әлуәтті иттің артқы сол аяғынан шап беріп ұстай алды.

«Адам жауының шынымен алдан соққаны ма?» — деген ой денені шым еткізді.

Травка жанұшырып, ішрене тартып, долы күшпен жұлқына жөнелді. Мына күшпен ыршыған ит кішкене адамның жалғыз қолынан жұлқып кететін еді: суырылған денесімен созылып, екінші аяғынан да ұстай алғаны абұйыр болды. Жер бетіне шыққан бала шапшаң мылтыққа ішін төсеп екпелінен жата қап, итті қоя берді. Астында көлденең жатқан мылтық сүйенішін өзімен бірге ілгері жылжыта отырып, ит тәрізді төрт аяқтап енбектеп, соқпаққа жетті. Ылғый адам жүрген және адам аяғы таптаған жердің екі жағына, шие сыяқты ақ шашақ бидайық өскен соқпақ. Бала осы араға соқпақ үстіне келген соң бір-ақ түрегелді. Бетіндегі мөлдіреген жастың соңғы тамшыларын осы арада сүртті. Үстіндегі жалба-жұлба киіміне жабысқан балшықты қағып-сілкіп түсірді. Сөйтті де кәдімгі үлкен адамша әмірлі дауыспен баурай-билей сөйлеп:

— Кел бері Затравкашым! — деді.

Бұл дауыс, бұл сөз құлағына тиген Травка барлық қобалжуды, күдіктенгенді қойды: Бұл — баяғы аяулы Антипычым — деп білді. Ит иесін танып, сағынған қуанышпен арсаландап кеп, мойнына асыла түсті. Адам да өзінің досын бассалып: мұрын демей, көз демей, құлақ демей сүйіп-сүйіп алды.

Бізге енді Тентек сазда болған бүгінгі ұзақ күннің барлық оқыйғасы туралы әлгіменің аяғын азғантай айтып бітіру қалды. Күн, Митраша Травканың көмегімен Қара жылымнан құтылып шыққан кезде әлі бата қой-

ған жоқты. Антипычымен табысып көзайым болған соң көшіпшіл Травканың есіне баранары қоян түсе қалды. Травканың тазы аты бар. Тазының міндеті — қоянды өзі үшін қуу, несі — Антипычқа бола — ұстау. Бұл оның барлық бақыты, өмірінің қызығы. Ит енді Митрашаны Антипыч деп ұғып, алғінде үзілген жорыққа қайта шықты. Көп кешікпей көк қоянның соңғы кеткен ізіне тап болды. Сол соны ізге түсіп ап, дыбыстай жөнелді. Аш Митрашаның қу жаны тұр. «Тірі қалам ба, қалмайым ба, — оның тетігі осы қоянда. Егер қоян қолға тисе, отты мылтық атып жағып алам. Әкеммен бірге жүргендегіміздей, қоянды ыстық шокқа көміп пісірер ем...» деген ойлар басқа келіп орала қалды. Мылтығының о жер, бұл жерін қарап, дымқыл тартқан патрондардың орнына құрғақтарын салып ап, қоянның келетін жағына шықты: жол тосып, қалың аршаның ішіне жасырынып қалды. Қоянды Травка Қой гастан Настя кеткен қара жолға қарай қайырып әкеп, палестинкаға яғни қызыл — өртең жиделіге шығарды. Одан мерген тұрған бір түп аршаға қарай бұрып, қуып келеді. Бұл кезде әлі де мылтықтың қарауылын жақсы көруге болушы еді. Бірақ бір көп боп қалды: Көкжал, тазының қайта қуғанын естіп қап, жасырынып жол тосуға, тап аншы тұрған аршаға келе жатыр еді. Енді екі аншы: адам және оның қас жауы қасқыр бетпе-бет түйісті. Митраша өзінен бір бес қадамдай жерден көк тұмсықты көріп қап: қоян есінен шығыш кетті, тап қақ мандайдан гүрс еткізді.

Көкжал түк қыйналмай табанда жан тапсырды.

Әрине, мылтық даусына селт еткен ит қуғанын жанылып қап еді. Бірақ, Травка қайтадан қоянның сонына сұр көбедей түсті. Бәрін айт та бірін айт, бақыттың зоры қоян да емес, қасқыр да емес, нағыз бақыт: Настя қасынан атылған мылтықтың даусын естіп, айқай салды. Митраша, Настяның даусын танып, дыбыс берді. Настя Митрашаның қасына жүгіріп келді. Сөйткенше болған жоқ, Травка да келді. Өзінің жаңа тапқан жас Антипычына, шын жүректен тартуым — байлағаным дегендей, — көк қоянды ала келді. Табысқан достар маздаған отқа үймелеп жылынып жатыр. Енді ас әзірлеп, қоналқаға жатар жер қамдау керек.

Митрашалардың үйімен бәздің үйдің арасында бір-ақ үй барды. Төңерткен қорадағы аш малдар азан-қазан шулағанға, балаларға не боп қалғанын білейік деп біз алдымен келген едік. Салған жерден: балалар үлге қонбаған екен, сірә, батпақ жаққа адасып кетті-ау, — деген ой басқа сап етті. Бірінен соң бірі кеп, басқа көршілер де жыйналып қалды. Екі баланы, егер әлі тірі болса, қалай күтқарамыз? — жыйналған жұрттың ойлап тұрғаны осы. Енді ғана батпақтың өнбойына жабыла андыздап, бытырап кеткелі тұрғанбыз. Қарасақ — тәтті жидек аулап кеткен қос қалқаш қаздай тізіліп, тоғайдан шығып келеді. Екеуінің ыйығында: арта салған сырық ағаш, сырыққа ілген ауыр көрзенке. Жандарында келе жатқан Травка — Антипычтың Травкасы.

Бұлар Тентек сазда көрген-білгендерінің бәрін бізге бастан аяқ баян қылды. Айтқандарының бәріне нанбасқа лажымыз бар ма: құлақ естіп — көз көрмеген көп жидекті көзіміз көріп тұр. Жалғыз-ақ, өмірге келгеніне он бір жыл толған жас бала жырынды көрі қасқырды соқты дегенде біраз жұрттың күдігі болды. Әйтседе сенген адамдардың бірнешеуі үлкен шана, арқан-жіп алып, айтқан жерге жөнеліп еді. Көп кешікпей Көкжал ноянның өлігін алып келді. Көкжал келді дегенде ауылдағы жұрттың бәрі істеп жатқан ісін тастап, апыр-сұпыр жыйылып қалды. Өзіміздің ауыл былай тұрсын, керек десеңіз басқа көрші отырған қыстақ-



тардан да ағылып келді. Айтылып жатқан әңгімеде тек жоқ. Таңқалған, сүйсінген көздер кімге көп қарады — қасқырға ма, айыр мандай қалпақ киген аншыға ма — айту қыйын. Қасқырдан жана ғана көз айырған жұрт: — Ая түгі, «торсықтай жігіт» деп мазақтап, күле беруші едіңдер ғой?! — десті.

Расында сол күндердің өзінде-ақ бұрынғы «торсықтай жігіт» өзгере беріпті, оны біз байқамаппыз. Соғыстың келесі екі жылы ішінде бала таралып, өсіп кеткен. Енді көрсеңіз ұзын бойлы, сымбатты, жігітін төресі болды. Отан соғысының батыры болу үшін тұрған жан еді, бірақ соғысы күресірдың бітіп қалғанын көрмейсіз бе?


Қарлығаштай қалқатай да қылығымен бір ауылды таңқалдырды. Мекенінен ауып-аса бір көшкен Ленинград балалар үйі ауру балаларға деп, ауылдан әл-хадарынша көмек сұрай келгенде, Настя шипалы жемісін түгелімен соларға бергенді.

Енді өзіміз туралы бір-екі сөз айтқанымыз жөн болар. Біз кім едік және Тентек сазға қайдан үйір боп жүрміз? Біз — батпақ байлығын барлаушылар едік. Отан соғысының алғашқы күндерінен бастап, батпақты жердің отыны — жердің қыйы-шымтезекті аударып алу үшін даярлық жүргізе барғанбыз. Бұлараның шымтезегі бір үлкен фабрикаға мөлшері жүз жыл жақса жететініне көзіміз жетті. Жеріміздің батпағының астында ұрланып жатқан байлық осындай. Жұрттың көбі, әлі күнге дейін, батпақты жерде жын-пері жүреді-мыс деп аңыз қылады. Мұның бәрі әншейін қысыр әңгіме: біздің батпақ — жын-шайтанның ордасы емес, қазыналы күн қоймасы.

Соңы.

Аударған И. Жарылғапов

# Аңшының әңгімесі



Әңгіме

Ғ. СЛАНОВ

Саяхатшылар Алакөлдiң қара даласында келедi. Бұлардың жетекшiсi — қолхоз қарты, атышулы Шуақ мерген. Балалардың егiншi бойынша, оларды демалыс күнi Шуақ саяхатқа, аңға бастап алып шыққан. Даланың шетiне iлiге бергенде қарт аңшы Ебiнiң желi жайында әңгiме қозғады.

— Анау мұнарған Тарбағатайдың Барлық атты биiгi. Сол қанаттағы — Тоқта. Екi биiк, күн ашықта бас изесiп, сәлемдескендей боп тұрады. «Жонғар қақпасы» деп осы екi таудың арасын айтады. Себебi оңтүстiктен созылған Жонғар Алатауы Тоқтаға кең жалт бұрылады да, шығысқа тартады. Тоқта — Жонғардың осы арадағы өкшесi. Ал, қарысындағы Барлық биiгi — Тарбағатайдың батыс өкшесi.

Балалардың әрқайсысы әр түстi тастарды алып қарап, өсiмдiктердi жұлып әкеп Шуақ қартқа көрсетiп сұрай бастады:

— Мынау қандай шөп?

— Мынаны не дейдi?

— Жусаннан басқасы көрген шөбiм емес...

— Ата, бұл дала қалайша тегiс? Тақтадай екен өзi.

— Дуадақ жайлайды деп едi ғой, осында?

— Бөкен қайда жүредi?

— Сабыр, сабыр ойлар, қарақтарым, — деп аңшы, бәрiн де айтам, бәрiн де... Ал, шөден бастасам өкен? Жаңа бiз Ебiнiң желi жайында айттық. Қабарлана қатты соққан жел тегiстеп кеткен дала осы. Мына бiр адам басындай тастарды көресiндер ме?

— Көрдi тұрмыз...

— Мұны да жел ұшырып әкелген. Ебiнiң күшi және сондай. Ал, мына жердi қараңдаршы. Ылғый қы-йыршық топырақ, ұсақ тас — бәрi де желдiң әкелгенi. Бұл дала әуелде мына Алакөлдiң түбi болған. Көд түбi де әуелде ойқы-шойқы болмаса керек. Оның үстiне даланы ылғый Ебi үрлеген соң кедiр-бұдыр қалдыра ма? Ал, жел өтiндегi далата желге шыдамды бойы аласа, тықыр шөптер өседi. Мыналар көкпек, жусан, баялыш, бетеге, жабайы жоңышқа. Мұны «киiк оты» деп те атайды. Бөкеннiң жейтiнi, көбiнесе, осы шөп. Киiк отын басқа мал жемейдi, жесе iнi бөртiп, жарылып өлiп кетедi. Сондықтан бұл далада мал жайылмайды.

— Киiк дегенiмiз қандай аң?

— Бөкендi ертеде киiк деп те атаған. Ел ерте жес-

се оны қасиеттi аң деп дәрiштейдi екен. Қасиетi бары да рас. Бiрақ, ертегi қыялындағыдай емес. Бөкен желгiр келедi. Желге қарап дорба танауын көтерiп орғын-орғын алып желгенде, машинаға да жеткiзбейдi. «Шапқан атқа жеткiзбес бөкен желiс» деп Абай сондықтан айтқан...

— Ата! Бөкендi бiзге көрсетесiз бе?

— Тiрiсiн көрсек екен...

— Бөкендi, дуадақты көрем десендер, бөгеле бермей тезiрек жүрiңдер, — деп аңшы көне серiгi қос ауызын оқтап алды. Саяхатшылар жүрiстерiн жеделдеттi. Бiрiнiң қолында көкпек, бiрiнiң қолында әдемі жылтыр тастар бар. Қайсы бiрi киiк отын бiр уыс өтiп жұлып алышты.

Топ-тегiс жолсыз даланың төсiне келгенде, маң-маң басып жайылып жүрген топ-топ дуадақ көрiндi. Саяхатшылардан тiптi үрiкпейдi де, ұзын мойынын көтерiп майқыя қарап алып, қайта жайылады.

— Дала кемесi деген осы, — деп мерген, балаларға дуадақтарды нұсқайды.

— Қозыдан да үлкен ғой...

— Тоқтыдай десеңшi.

Мерген кiлт тоқтап, бұра түсiп, жерге бауырлай жата қалды. Езде қос ауыздың екi оғы да атылып қалды. Екi дуадақ жайылған орнында қала бердi. Өзгелерi сыдыра барып, жер бауырлай ұшып, әрең дегенде әуеге көтерiлдi. Балалар да, мерген де оқ тиген екi дуадаққа жүгiрдi. Бiреуi тым үлкен екен; саяхатшылардың ең кiшiсi он жасар Бөкен бала қанатынан ұстап, әрең сүйреп келедi.

— Сүйретпе! Көтерiп ал!

Тоқтыдай дуадақтың екi қанатын жазып жiберiп, балалар тамашалап көрiп тұр. Үлкен кiсiнiң құлашынан қысқа көрiнбейдi.

Көлесi сәтте, бiр белең асқан соң-ақ үйiр-үйiр бөкен де көрiндi. Бiр жерде мергендер тасаланатын үлді тас тұр екен. Соның түсына келгенде, Шуақ қарт қасыншыларға қарап:

— Ана текелi топ бөкеннiң алдына қарай бiр-екеуiн жүгiрiңдер. Сонда алдынан өткiзбеймiн дейдi де бәрi тартады. Бiз мына тасада қаламыз, — дедi.

Бәрi тасаға тез тығылды. Бейсен мен Болат қалып үйiр бөкеннiң алдына кес-кестен жүгiрiп барады. Жап-бiткендi алдынан өткiзiп көрмеген ақбөкен қарыса жүйткiп, олардың алдын орауға асығып, көсiле же-



ліп келеді. Құйындай зымыраған тағы жүйріктердің қайсысы текесі, қайсысы ұрғашысы екенін айырып болар емес, бәрі де бейне желдей ұйтқып ұйілген тастың дөңгейіне келіп қалды. Дәл сол мезетте, тұсына келе берген кер тағының бірсуін қарауылына іліктіріп мерген басып салды. Мүйізді біреуі төңқалаң асып құлап түсті. Балалар шулап, оған қарай тұра жүгірді.

— Текесі ме?

— Япырмай, қалай жықты екен!

— Атқыш болсаң, атамдай бол!

Бөкеннің алдыңғы бір аяғын картөч оғы сындырып кеткен екен. Желден жүйрік кер тағы өзінен жүйрік мерген оғы бар екенін осы арада ғана мойындағандай, тырп етнестен жатып алды, ешбір дыбыс та шығармады.

— Ақбөкеннің текесі, бұл, — деді де, қарт аңшы бөкенді бауыздады. Тамағын пышақпен орып жібергенде де, кер тағы қыңқ деп дыбыс бермеді, аяғында серіккен жоқ, мөлдіреген қара көзі дөңгеленіп жатты да қойды. Балалар ұзындығы төрт тұтамдай, ұшы ғана кішкене пірмеу, тікше біткен ақ мүйізіне таңырақана қарады. Мерген:

— Он төрт буын... демек, он төрт жасқа келген екен. Аңға аз жас емес, — деді. — Мұның ұрғашысында мүйіз болмайды. Бөкеннің текесінде ғана мүйіз болады. Одан қымбатты дәрі-дәрмек жасалады.

Бұлар сол арада біраз тыныстады. Аңшы балаларға Алакөл тауларында қандай аңдар болатынын айтты.

— Мынау Жабық тауы... Мұнда арыстаннан басқа

аң түгел бар. Өздерің көрген дала аңы ақбөкеннен басқа тауда жайылатын қарақұйрық, елік, тауешкі, тау теке, бұғы-марал, арқар-кұлжа... Былай таман құлап да бар. Сусар, борсық, түлкі, қарсақ, қасқыр, сырғалы құлак, сілеусін, қабылан, барыс, аю, жолбарыс, қабан тағы тағылары бар...

Осы арадан қарағанда, талайға созылған шалқар Алакөл көк табақтай ғана мөлдірейді. Ортасындағы арал төбелер бір ғана ноқаттай...

— Көктастың арғы бетінде қандай жерлер бар? — деп бір ересек бала сұрап еді, шығыс жақты негімен нұсқап, қарт сөзге қайтадан кірісті:

— Көктастың арғы беті Итасқан асуы, Сандықтас. Көлге қараңдаршы, балалар, алақандай ғана көрінуін. Бұлт үйіріліп келеді. Етекке түсейік. Ебінің желі тұрмаса не ғысын, көл үсті мұнарланып қалған екен...

Уақыт күзге таяу еді. Мерген де асықты, балалар да Алакөл алқабына қарай етекке құлдығлады. Асығатын реті бар себебі, әлгіде ғана төменде тұрған бұлт тау шығына асылып қалған еді. Мұнар айналаны алды да кетті. Балалар:

— Тұман ба? — десті. Аңшы:

— Жоқ, тұман емес, бұлт, — деді.

Балалар көл алқабына ілікті. Тұман сейілді. Саяхатшылардың алды ашық, жап-жарық. Күн бұрынғыша дөңгеленіп, батуға айналып барады. Кейінде қалған биіктер көрінбейді, үстін бұлт қаптаған.

— Жаңағы біз өткен бұлт сол, — деді Шуақ қарт.

Балалар кездері анық жеткенде ғана ыйланды, таудағы тұман дегені бұлт екен.

Саяхатшылар көл алқабына түсе бергенде, өрге өрмелеп үйір-үйір бөкендер жортып бара жатты. Мұны көргенде мерген:

— Енді Ебі де сәғатын шығар. Күз болып қалған екен-ау! Мына бөкен тегін ойысқан жоқ, желдің салқынын сезеді. Құстар да шулайды. Аспанға топ-тобымен көтерілгенін қара. Іркес-тіркес, құбылаға тартты, әнеки. Бұлар да біледі. Бөкен де құстар да Ебінің желімен қашып енді жылы жаққа ойысты. Жаратылыс тілін бұлар адамнан бұрын сезді. Лаңқол даласының Ебінұр атты көлінің үстінен ұйытқытын ызғар қақпаға келіп қалған болу керек. Кешікпей Тоқта мен Барлық екі жақтап өкпесін қысқан Ебі де ышқына соғар.

Аңшы осыны айтқанша болған жоқ, Алакөлдің алқабын қуалап шығыстың ала құйын Ебісі сабалай жөнелді...



### 1. Бұл елес емес — болашақ

Бетпак даланы қақ жарып кесіп өткен темір жолмен келе жатқан жолаушылар талай тамаша жаңалықтарды көріп келеді. Жолдың қапталы толған ел, ыңырсыған төрт түлік, теңізше жайқалған егіс толқыны, көк орай шалғын жер. Әр жерде түтіні будақтаған фабрика, заводы бар, әдемі станциялар сәулетті қалалар кездеседі.

— «Бетпак» деп несіктен атап кетті екен өткендер, бұл өлкені? — деп сұрады бала әкесінен.

— Сусыз шөл, шөлсіз тақыр, несіт жапан-ен дала болған соң, талайдың өзегін өртеп, шалдықтырған соң «Бетпак» деп атаған ғой.

Бір заманда бұл жерде тіршілік етуге болмайды дейтін еді. Бұл «болжаудың» талқаны шыққанын өзі де көріп келесің. Мынау батыс жағымызда қалып бара жатқан аты шулы Шу өзені. Мұның аяғы Мойынқұмға барып жоғалатын еді. Қазір бұл өзеннің суы біздің қолымызда, қалай айдасак, солай жүргіземіз. Соның арқасында мынау дәнді егіспен қант қызылшасы, бау-бақша кемеліне келіп тұр, — деп Бетпак жазығына көз жіберіп қояды әңгімеші жолаушы. Мойынқұмды қазір қысы, жазы жүз мыңдаған мал жайлайды...

Бетпак даланың кешегісі мен бүгінгісі жолаушылардың көбін еліктегіп, олар үлкен темір жол торабына жеткенін сезбей қалды.

— Бұл жерге аялдайтын шығармыз.

— Аялдағанда қандай! Бірнеше сағат осы станцияда кідіреміз.

Вокзал алдындағы жол тармақтарының санаса қырықтан асады, барлығында да сіресіп тұрған ауыр салмақты жүк поездары. Поездардың маневрін жасап, жүк сұрыптау үшін әдейілеп орнатқан таутөбеден сегіз дөңгелекті қызыл вагондар диспетчердің командасымен зырғып келіп, өз «үйірлеріне» қосылып жатыр.

— Бұл станция арқылы күніне қанша состав өтеді? — деп сұрайсың карттан, көз тұнатын вагон санына қарап.

— Әрине, бұл темір жолшылардың құпиясы. Бірақ, кейбір тасымалдың жүктерін атап өтуге болады. Бұл Мойынты торабы арқылы Қарағандының көмірі, Балхаштың мысы, Шымкенттің қорғасыны, Атасудың темір рудасы, Қаратау химия комбинатының фосфоры... Алматының апорты да өтеді. Көп-ақ қой бұдан өтетін жүк. Темір жол өлкеміздің күретамыры болса, бұл торап оның жүрегі сияқты. — дейді жолаушыларға әңгімеші карт.

Күткен поезымыз да келді. Жұмсақ вагонның әшекейлі бөлмесіне отырып алып, ізгері қарай аттандық.

\*\*\*

Бұл дәл қазіргі шеккен санарымыз емес. Қыялдағы елес те емес — орындалатын болшағымыз. Демек, сол болашаққа орнықты негіз салытуда. Бұл ойымыз бірнеше жылдан кейін бұлжымай орындалады да.

Балалар, Сталиндік төртінші бесжылдықта республикамызда алуан түрлі жаңа құрылыстар салынып бітпекші. Солардың ішінде Бетпак даланы кесіп өтетін Мойынты — Шу

темір жол құрылысы да шапшаңдаспен аяқталуға тиіс. Республикамыздың экономикалық қуатын арттыра түсуде, халықтық әл-ауқаты мен мәдениетін көтеруде бұл жолдың маңызы орасан зор.

Қазір бұл темір жолдың құрылыс жұмысы қызу қарқынмен қолға алынды. Бұл құрылысқа он мыңдаған еңбекшілер қатысуда. Құрылысшылардың көпшілігі комсомол, жастар. Мойынты — Шу темір жол құрылысында 13 мыңдай жастар жұмыс істеп жүр.



Мойынты — Шу темір



Мойынты — Шу темір жолының ұзындығы 443 километр. Соның былай 110 километр жеріне рельс төселіп бітпекші.

## II. Халықтық құрылыс

Оңтүстік Қазақстан облысының құрылыс штабы. Содан солтүстік жақтан көлбей түскен Хан тауына қарай қоныстанған «жаңа» облыс, аудан, колхоз. Барлығының да аты таныс. Бетпақ дала жаңарып, ел қоныстанғай. Шынында да картаға өзгеріс



ол құрылысында

енген сыяқты. Облыс, аудан, ауыл, колхоз әкімшілігі орнаған.

Турксиб темір жолының бойындағы «Бірлік» разъезінен бастап мысты Балхашқа қарай қаздай қатар қонған Оңтүстік Қазақстан облысының он тоғыз ауданы, олардың арғы жағынан қоныс тепкен Алматы, Жамбыл облыстарының облыстық, аудандық құрылыс штабтары. Бәрі де колхоз-колхоз болып, бригада, звеноға бөлінген.

Бұлар Сталиндік жаңа бесжылдықтың өлкеміздегі алып құрылысының бірі — Мойынты — Шу темір жолының табанын қалауға келген құрылысшылар. Табиғаттың дүлей күшін бағындырып, жер әлемін жаңа түрге бөлейтін сом білекті, жігерлі адамдар. Жаңалықшыл, келешегін қолдан жасайтын совет адамдары.

Халықтық құрылысқа Алматы облысының Еңбекші қазақ ауданынан келген қарт колхозшы Турғанов күнделік нормасын 200 процент орындаса, Оңтүстік Қазақстан облысының Ильичев ауданынан келген жас құрылысшы Абдолла Мәмбетов күніне 3 текшеметр жердің жұмысын орындаудың орнына 23 текшеметр жердің жұмысын орындайды. Бұлардан да асып түсетін адамдарды бұл құрылыстан оңай кездестіруге болады.

Мойынты — Шу темір жол құрылысына қатысып жүргендердің ішінде оқушы пионерлер де бар. Бұлар да келешек бақытты өмірінің қызықты бола беруіне үлес қосуда.

Алматы облысының құрылыс штабында Геня Костиков пен Қоля Бессонов деген пионерлер телефонист бо

лып істейді. Олар құрылыстағы бүкіл облыс құрылысшыларының істеген жұмыстарын қорытып отырады.

Алматы облысынан келген құрылысшылар жұмыс істеп жатқан жерге келдік. Топрақ тасыған жүк машинасы, ат-арба, зеңбіл көтерген тачка тартқан, кетпен шапқан адамдар нөкері теңіз толқынындай. Еңбектің тасыған орталығы да дәл осы жер екен. Социалистік жарыста облыс еңбекшілері басқалардан озып шыққан.

Дәл облыстық құрылыс штабы орнаған жер болашақ «Жиделі» темір жол станциясының табаны болуға тиіс. Алматылықтардың төсеген топырағын талай ауыр составтар басып өтпекші. Бұл жолмен Қарағандының қара алтыны Орта Азияға қарай ағылатын болады. Республикамыздың экономикалық күні нығая түсіп, халқымыздың әл-ауқаты, мәдениеті артады. Қазіргі құрылыс жүргізіліп жатқан жерлерді ел мекендейтін болады. Онда қала, станция, мектеп, мәдениет орын тебеді. Сөйтін, Бетпақ дала жан-жағынан темір жолмен құр салып, жаңа өмір теріне айналады, бейнесі өзгеріп, картасы жанарады.

Бетпақ даланы Мойынты және Шу жағынан бірдей қусырып кележатқан екінді құрылысшылар екі-үш жылдың ішінде меңгермек. «Көп қорқытады, терең батырады» деген халық мақалы осындайдан алынған. Халықтық құрылысқа айназған Мойынты—Шу темір жолы тез салынып болуына құрылысшылардың тамаша қақыры еңбегі дәлел.

Б. СЛАНОВ.

## БАТЫР ПИОНЕР

Балалар, батыр пионер Павлик Морозовтың жау қолынан қаза тапқанына 15 жыл толды.

Павлик Морозов 1918 жылы Орал облысындағы Герасимовка селосында туды. Оның әкесі кедей шаруа болған адам.

Герасимовкада тұңғыш пионер отряды ұйымдасқанда, Павлик құрдастарымен бірге пионерге өтті. Ол пионер жұмысын жан-тәнімен беріліп істеді, сондықтан балалар оны отряд советінің председателі етіп сайлады.

Ол жылдар ең алғаш коллективтенген шаруашылықтар (колхоз) ұйымдастырылып жатқан кез болатын. Герасимовка селосының келей шаруалары бастарын қосып, бір колхоз құрды. Мұны көрген кулактар бармағын шайнады, өздерінің шаруашылығының енді күйрейдіндігіне, бұрынғыдай қанайтын батырақтар болмайтынына олардың көзі әбден жетті. Сондықтан кулактар қалайда колхоздың ұйымдасуына кедергі жасауға тырысты.

Павлик Морозов совет үкметін жақсы көруші еді. Ол совет үкметінің балаларға, барлық еңбекші халыққа зор қамқорлық жасап отырғанын көріп, түсіне білді. Ол жұртты колхозға кіруге үгіттеді.

Оның әкесі Трофим Морозов Герасимовка сельсоветінің председателі болып істеді. Ол өзі кедей табынан шықса да, кулактардың ықпалына еріп, оларға сатылды. Ол тіпті Павликтің пионер болғанын ұнатпай, оны ұратын болды. Ержүрек пионер әкесінің мұндай жат мінезінс қарамастан, өзінің пионерлік міндетін атқара берді.



Павликтің әкесі кулактарға болысып, оларға жалған документтер жасап беріп, ақша алып жүрді. Ержүрек пионер әкесінің совет өкметіне қарсы бұл әрекеттерін жасырмайды, оны тиісті орынға білдіреді. Бұдан кейін халық соты Павликтің әкесін 10 жылға соттап жіберді.

Мемлекетке астық дайындау кезінде, селодағы кулактар өздерінің бар астықтарын жасырып, совет үкметінің саяси маңызы зор науқанына кедергі жасайды. Жас Павлик қасына пионерлерді ертіп, кулактарға қарсы күрес жүргізеді. Олардың тыққан астықтарын тиісті жерлерге білдіріп отырады. Кулак-

үйлерінің қабырғасына олардың жауыздықтарын әшкередейтін листовкалар жазып қоятын болады.

Павликтің бұл қылықтары үшін өшпес кулактар батыр пионерді қалайда өлтірмекші болады. Сөйтін олар, Герасимовка селосының кулактары, 1932 жылы 3 сентябрь күні ержүрек пионер Павликті ағаштың арасына алдап апарып, азаптап өлтірді.

Герасимовка селосының жас пионерінің жау қолынан қаза тапқанын естігенде, еліміздің барлық халқы жаудың бұл жап-түршігерлік ісіне қатты ызаланды. Колхоз құрылысы үшін құрбан болған Павлик Морозовтың орнын басу үшін мыңдаған балалар пионер ұйымына кірді. Павликті аяуандықпен өлтіруге қатынасқан сұмдар сазайын тартты, советтің әділ сотының үкімі бойынша олар атылды.

Отряд советінің ержүрек председателі Павлик Морозовтың жарқын бейнесін барлық пионерлер, бүкіл совет халқы ұмытпай, мәңгі есте сақтайды.

## Б І Л І М

Өмірдің биік төрінде,  
Мектепте жүрміз сансыз жас.  
Өнердің қыя өрінде,  
Ағалы, іні, қарындас.

Ғылымға терең беріп бой,  
Оқыймыз ылғый жалықпай.  
Болсақ деу біздің жалғыз ой —  
Лениндік асыл атқа сай.

— Көреміз жақсы неліктен,  
Оқудың барлық саласын?  
Көркейтпекші ол өмірдің  
Ойы мен өлке, даласын.

— Онда бар өмір, өшпес нұр,  
Хұрметтен мәңгі сүйеміз.  
Білім — Ленин — Октябрь,  
Алдына басты иеміз!

Н. ӘЗІЛХАН.





## ҮШ ОРДЕНДІ КОМСОМОЛ

### БЛКЖО ДЕГЕН НЕ?

Сенің жасы үлкен ағаларың — комсомолецтердің кеудесінде алқызыл значогі бар. Мұның ортасында бес тармақты жұлдыз, ал оның үстінде БЛКЖО — Бүкілодақтық Лениндік Коммунистік Жастар Одағы деген жазу бар.

Бұл сөздердің маңасын талдап көрейікші.

Советтік республикалардың бауырлас Одағында көп ұлтты халықтар тұрады. БЛКЖО барлық республикалар, бүкіл Советтер Одағы комсомолецтерінің бір ұйымға басын қосады, сондықтан ол Бүкілодақтық деп аталады.

Комсомол Ленин комсомолы деп аталады, өйткені оның алдына қойған мақсаты Лениннің ұлы өсиеттерін іске асыру болып саналады. Комсомол бұл жоғарғы атақты 1924 жылы, Владимир Ильич Ленин қайтыс болғаннан соң, өзінің VI съезінде қабылдады.

Комсомол Коммунистік деп аталады, өйткені ол большевиктер партиясы мен барлық совет халқының коммунизм құру ісіне, жастар мен балалардың коммунистік рухта тәрбиеленуіне көмектеседі.

Комсомол Жастар Одағы деп аталады, өйткені ол мақсаты да, тәртібі де бір жасөспірімдер мен қыздардың өз еріктерімен біріккен ұйымы. Олардың мақсаты — өзінің Социалистік Отанының мүдделеріне шексіз берілген қызмет ету, большевиктер партиясының сенімді қолқанаты болу, Сталиндік заманға сай жас коммунистер тәрбиеленіп өсіру болып табылады.

### КОМСОМОЛДЫҢ ТУУЫ

Еңбекші жастардың алдыңғы қатарлы тобы Ұлы Октябрь революциясынан көп бұрын-ақ большевиктер партиясының төңірегіне топталып, оның басшылығымен ереуіл жасауға, революция қозғалыстарына қатысып отырды. Партияның кемелер көсемдері Ленин мен Сталин пролетариат жастарына әрдайым үлкен маңыз беріп келді, өйткені оларды большевиктердің жауынгер жеткіншектері деп білді.

1917 жылғы февраль революциясынан кейін көп

ұзамай-ақ Петроградтың жұмысшылар тұратын бір шегінде жастар ұйымы құрылды. Бұл ұйым өзін Жұмысшы Жастардың Социалистік Одағы (ЖЖСО) деп атады. Мұны Путилов зауытының он тоғыз жасар жұмысшысы Василий Алексеев басқарды. ЖЖСО Нарба — Петергоф аудандық партия комитетінің басшылығымен жұмыс істеді. Еліміздегі жұмысшы жастардың бұл тұңғыш ұйымы келешек комсомолдың ұйтқысы болды.

Петроград Жұмысшы Жастар Социалистік Одағының мүшелері өздері алғашқы кезде көп болмаса да, партияның түрліше тапсырмаларын орындай отырып, революция үшін үлкен, өте маңызды жұмыс атқарып келді. Жұмысшылар жыйылыстарын шақыруға, демонстрациялар өткізуге көмектесіп отырды, большевиктер шығарған кітапшалар мен газеттерді жұртқа таратып, сол уақытта жасакталып жатқан Қызыл гвардия отрядтарына қару-жарақ тауып берісті.

Осы сыяқты жастар ұйымдары кешікпей басқа қалаларда да құрыла бастады. Олардың ұйымдастырушылары Я. М. Свердлов, А. Н. Микоян, Н. К. Крупская, большевиктер партиясының тағы басқа қайраткерлері болды.

Революцияның жұмысшы жастар Октябрь революциясы күндерінде партияның жауынгер қолқанаты болды. Владимир Ильич Ленин Октябрь қарулы көтерілісінің жоспарын жасай отырып, былай деп жазған еді:

«Ең бағыл элементтерді (біздің «екпінділер» мен жұмысшы жастарды, сондай-ақ матростарды) өте-өте маңызды пункттерді алу үшін, бар жердегі аса маңызды әрекеттердің бәріне қатыстыру үшін шағын-шағын отрядтарға бөлу хажет»...

Октябрь ұрыстарында Ленин жұмысшы жастарға міне, осындай хұрметті орын берген еді. Жастар партияның бұл жоғарғы сенімін ақтағанын біз жақсы білеміз. Петроградта болған қарулы көтеріліске бірнеше мың жұмысшы жастар қатысты. Москвада Қызыл гвардия отрядтарының тең жартыдайы жастар еді.

Октябрь революциясы еңбекші жастарға үлкен право берді — еңбекке, мәдениетке, бақытты келешекке кең жол ашты. Ал, бұл бұдан бұрын әрбір жастың көңілінде көп заман арман болып келген болатын.

Совет үкметі жас өспірім балалар еңбегі туралы заң шығарды. Жұмысшы, шаруа жастардың ежелгі арманы іске асты — олар оқуға мүмкіндік алды, олар үшін барлық жоғары оқу орындарының есіктері кең ашылды.

1918 жылдың орта шамасында жастар ұйымдары

соншама көбейгендіктен, жастарын жергілікті одақтарының бәрін бірыңғай одақ етіп, оған бір орталықты басшы орын тағайындау хәзет болды.

Партияның Орталық Комитетінің нұсқауы бойынша, жастар съезін шақыру жөнінде 1918 жылғы июльде ұйымдастыру бюросы құрылды. Съезді 1918 жылғы октябрьдің 29ында Москвада ашылды. Бұған Советтің Ресейдің түс-түсынан 176 делегат қатысты. Бұларды съезге жіберген жастар ұйымдарында бұл кездің өзінде 22.100 адам бар еді.

Съезд барлық жергілікті ұйымдарды бірыңғай Ресей Коммунистік Жастар Одағына (РКЖО) біріктіріп, РКЖОның уставын және программасының негізгі ережелерін бекітті.

1918 жылғы октябрьдің 29ы — жұмысшы, шаруа жастар одақтарының бұыл ресейлік съезінің ашылған күні — комсомолдың туған күні болып саналады.

### КОМСОМОЛ ҚЫЗЫЛ ТУ ОРДЕНІМЕН НЕ ҮШІН НАГРАДТАЛДЫ?

1918 жылдың күзі қаһарлы, қатты болды. Ресейдің бұрынғы қожалары — капиталистер, помещиктер, патша чиновниктері, генералдар — өкмет басында жұмысшылар мен шаруалардың тұрғанына кенгісі келмей, Совет республикасына қарсы соғыс жорығын ұйымдастырды. Оларға бұл жөнінде шетел капиталистері жәрдемдесті. Елімізге шығыс пен оңтүстіктен ақгвардияшылар әскерлері келді. Солтүстікте, Архангельскіде, Мурманскіде ағылшын-француз әскерлері ағылып жатты. Қызыр Шығыста жапондар қожалық құрын тұрды.

Ел ашаршылыққа ұшырады. Жұмысшылар мен балаларға 50 граммнан нан берілді, ал кей кезде бұдан да аз тиетін. Заводтар мен фабрикалар жұмыс істемей, тоқтап қалып жатты, өйткені өнеркәсіп үшін шикізат та, отын да жетіспеді.

Бірақ, халқымыз жасымады. Өзінің күшіне сенді, барлық кемтарлыққа қарамастан, жауға қарсы соққы беруге әзір болды. Большевиктер партиясының шақыруы бойынша жүздеген мың жұмысшылар мен шаруалар өз еріктерімен Қызыл Армияға, Совет елін қорғауға аттанды.

Бұл қаһарлы кез комсомолдың бесігі болды. Ол түтеген оқ, жарылған снаряд астында, жауға қарсы сұрапыл күресте ержетіп, шынықты. Комсомол жастардың қарулы отрядтары құрыл, ал бұлар Қызыл Армия бөлімдеріне қосылып, майданға кетіп жатты.

1919 жылдың күзінде шығыс майданда ауыр жағдай туды. Ақгвардияшы-қолчакшылар Еділ жағасына жетті. Лениннің «Бәрі майдан үшін!» деген шақыруына жауап ретінде РКЖО Орталық Комитеті комсомолдарды бүкіл Ресей көлемінде армияға қаншамай шақыру ісін жариялады. Жастар бұған қызу үн қосты — бірсыпыра комсомол ұйымдары Қызыл Армияға түгелдей кетті. Ол күндерде комсомолдың аудандық коми-

теттерінің есіктерінде мынадай: «Аудандық комитет жабық, жұрттың бәрі майданға кетті», деген хабарландыруларды жиі көруге болатын еді.

Сол жылы күзде оңтүстік майданға, Деникинге қарсы бүкіл Ресей көлемінде комсомолдар екінші рет армияға шақырылды. Ал, 1920 жылғы май айында ақполяктар мен Врангельге қарсы күреске үшінші рет тағы шақырылды.

Кеткендердің орнын басуға жаңадан мың-мыңдаған жас жігіттер мен қыздар РКЖО қатарына кірді. Совет жастарының отаншылдығы осыншама зор болды. Бұл жылдарда комсомол қатарына кіру — майданға, бандитизмге қарсы күреске аттануға әзір болу, деген сөз еді. «Біз комсомолдық билетпен бірге мылтық және 200 патрон алдық», деп жазған болатын Николай Островский. Едбекші жастар комсомолдың соғына ерді, өйткені оны жетекші күш деп таныды. Азамат соғысы жылдарында комсомол 200 еседей өсті.

Сергей Миронович Киров майданда болған комсомолдарды соншама сүйіспеншілікпен еске алатын:

«Күрес күндерінде комсомолдардың қандай зор қызмет атқарғандығы бізбен бірге сонда майданда болғандардың есінде, мен, олар ерекше қызмет атқарды дер едім. Анық айту керек, жолдастар, біздер, большевиктер, жалпы айтқанда, жеңіс жолында жапын аямай күресе білетін халықпыз. Соның өзінде майданда жүргенде комсомол берген батырларды қай уақытта «күндегендей» де болушы едік».

Николай Островскийдің «Құрып қалай шынықты» деген тамаша кітабының бетін ашып, оқын көрсек — сол кездегі алғашқы жауынгер комсомолдардың жарқын бейнесі көз алдымызда тұрады. Павел Корчагин, оның жауынгер достарындай жастар ол кезде комсомол қатарында мыңдан саналатын. Николай Островскийдің өзі де сол жастардың бірі еді.

Совет балаларының тағы бір сүйікті жазушысы Аркадий Гайдар да сондай болды. Азамат соғысы басталғанда оның жасы 14ке жаңа ғана толған еді. Гайдардың майданға барғысы келді, бірақ балаларды соғысқа аямады. Ол жасым он алтыда деп қулық істеді. Өйткені ол ұзын бойлы, жаурынды еді, сондықтан оның сөзіне сенді. Комсомол оны командирлер курсына оқуға жіберді. Бір жылдан соң жас Гайдар ротаны басқарды, оған кейін батальон командирі болды, оңтүстік және поляк майдандарында соғысты, Петлюра мен Антоновтың бандаларын талқандады, басмашылармен күресті.

Жауынгерлік, ерлік жағынан қыздарда, комсомолқалар да жас жігіттерден кем түспеді. «Чапаев» фильмін көргендер батыр пулеметші Аннаны ұмытпаған шығар. Фильмде Аннаның бейнесінде комсомолқа Мария Попованың майдандық өмірі көрсетілген. Ол даңқты Чапаев дивизиясының қатарында соғыста болған қыз.

Партия мен үкмет комсомолдың азамат соғысы жылдарындағы жауынгерлік еңбегін жоғары бағалап, 1928 жылы Қызыл Армияның он жылдығында, Ленин комсомолының Қызыл Ту орденімен наградалды.

# Сурет өнерін сүйе де, үйрене де біліңдер

Балалар, өткен август айында Алматыда жас өнерпаздардың өз ойларынан салған суреттерінің алғашқы рет республикалық көрмесі болып өтті.

Көрмеге республикамыздың мектептеріндегі жас суретші балалардың бәрі дерлік қатынасты. Оқушы балалар мектепте сапалы оқумен қатар, көркем өнер істерін үйренудегі зор таланттарын байқатты.

Көрмедегі балалар суреттерінің тақырыптары сан алуан, түрліше маңызды мәселелерді қамтыды, халқымыздың Ұлы Отан соғысындағы ерлік күресін, ұлы жеңістен кейінгі еліміздің өркендеу дәуірін, совет балаларының бақытты өмірін бейнелейтін суреттер шебер салынған.

Балалардың өте жақсы деген баға алған үздік шыққан 83 суреті Москваға жас өнерпаздар өнерінің Бүкіл одақтық көрмесіне жіберілді.

Солтүстік Қазақстан облысы, Писаревка бастауыш мектебінің оқушысы 9 жасар Миппа Задорожнийдың салған суреті бәрімізді қызықтырды. Ол қара қарыншапен «Писаревкаға жаңа трактордың келуі» деген сурет салған. Суретте Писаревка селосына келген жаңа трактор мен оны қуанышпен қарсы алған село адамдарының, балалардың кейпі тамаша жасалған. Осы суреттің жанында тағы да сол облыстағы Ворошилов атындағы бастауыш мектептің оқушысы Евтушенконың «Степан ағай қораға шөп тасып жүр» деген суреті ілулі тұр. Бұл жас суретші де өзінің көрсетейін деген ойын дұрыс бейнелеген.

Міне, алдымызда «Балалар егін жыйнау науқанында» деген сурет тұр. Бұл суретті салған Павлодар қаласындағы балалар үйінде тәрбеленуші 7-класстың оқушысы Николай Рыжков өзінің суретінде жазғы дем алыс кезінде колхозға барып егін жыйнау жұмысына көмектесіп жүрген пионерді айқып сала білген.


Бұл суреттер балалардың ауыл тұрмысына, колхоз өміріне деген сүйіспеншілігін көрсетеді. Сонымен бірге колхозда, ауылда болатын жаңалық, жетістіктерге, ондағы істелетін жұмыстарға да оқушы балалардың ортақ екендігін аңғартады. Мұндай суреттерді көрмеден жиі кездестірдік.

Көрмедегі суреттердің енді бір тобы-табиғаттың көркем көріністерін, аңшылықты, адамның жеке еңбегін де бейнелейтін тақырыптарға арналған.

Қарағанды қаласындағы 16 санды орта мектепте оқитын он жасар Садуақасовтың салған «Өзен жағасындағы ауылдың кешкі көрінісі» көңілге қонымды, әсерлі болып шыққан. Көк жиекте қызарып батып бара жатқан күн, ауылға кешкі өрістен қайтқан мал, түндігінен түтіні будақтап жатқан киіз үйлер, бұраңдап аққан өзен — бәрі де келісімді жасалған. Бейнелейтін затқа ылайықталып



«Қазақстан тауларында» Суретті салған А. Пшонинский (Талай-Корған қаласы, 7-класс оқушысы).



«Аңшылық». Суретті салған Алнев (Павлодар облысы, Лебяжі ауданы 4-класс оқушысы).

әр түрлі бояулар да орнын тауып тұрған сияқты.

«Аңшылық» суретін салған (Павлодар облысы, Лебяжі ауданы) 4 — класстың оқушысы Алневтың да талабы зор екендігі байқалады. Тау бөктерінде бүркіт салып, жүйрік атпен түлкі қуалап бара жатқан аңшыны айнытпай келтірген.

Семейдегі 11-мектептің оқушысы Таравниковтың суреті жөнінде де айта кетуге болады.

Көрмеге қатынасқан осы сыңалды көз тартарлық көңілге қонымды жақсы суреттермен қатар, бейнелейін деген ойын дұрыс көрсете алмаған, нанымыз, ат үсті салынған суреттер де бар. Бұл суреттердің кемшілігі — алдымен сол салатын затқа ылайықты бояуларды тандап ала алмаушылық, соның өзін жете білмеушілік.

Кейбір балалар суретті кітаптан немесе журналдардан көшіріп салуды әуес етеді. Бұл әдіс — сурет өнерін үйренушілердің ой өрісін кеңейтуге, сондай-ақ ізденулеріне кедергі болатын зиянды әдіс.

Мектептердегі пионер отрядтары өз араларында сурет үйірмелерін ұйымдастырып, барыша жетіле берудері керек. Сурет өнерін үйрену ісі — тек қана суретші болу үшін ғана емес, басқа мамандықтарға да, инженер де, дәрігер де, агроном да, оқытушы да болу үшін керек.


Балалар, сурет өнерін сүйе де, үйрене де біліңдер!

профессор А. М. Черкасский.

№ 462303  
ӨНЕР. ҚИСТ



# Оқу жылы басталды



## Алғашқы күні

Мен быйыл 8 жасқа шығамын. Быйыл алғаш рет мектепке барып отырмын.

Оқу басталардан бір күн бұрын, кеше, апам мені мектепке өзі ертіп әкелді. Біз мектептің әдемі, жарық бөлмелерін араладық. Мұғалім апай екеумізді мен оқыйтын класқа апарды. Онда да мен сыяқты, кейбіреуі апасымен, кейбіреуі напасымен келген балалар көп екен.

Мектеп директоры Балжан апай бәрімізге арнап сөз сөйледі. Ол:

— Қадамдарың кұтты болсын, бақытты бөбектер! — дегенде мен қуанғанымнан апамды кұшақтай алыптың. Мұғалімдер бізге алма, дәптер, қарындаштар берді. Ертең сағат 8 де оқу басталатындығын айтты. Мен екі дәптер, үш қарындан, бес алма

алдым. Онан соң апам екеуміз үйге қайттық.

Бүгін күндегіден ерте тұрдым. Жуынып, таза көйлегімді киіп, мектепке баруға асықтым.

Біздің үй мектептен алыс тұратын еді. Бүгін мені мектепке тағы да апам ертіп әкелді.

Қоңырау соғылды.

Апам үйге қайтты, мен балалармен бірге класқа кірдім. Мұғалім апай бізді екі-екіден партаға дұрыстап отырғызып, біріміз бен бірімізді таныстырды. Мен Аналиямен бірге отырдым. Оның да жасы 8де, мен сықылды бойы кішкене екен. Бұдан соң мұғалім апай өзін таныстырды:

— Атым — Фарида, фамилиям — Аппасова, — деді. Біз мұғалім апайдың атын ішімізден бір қайталап шықтық.

Сабақ басталды. Фарида апай бізді ең әуелі класстың ішіндегі тақта, бор тағы басқа заттармен таныс-

тырды. Партаға дұрыс отыруды, жазу жазғанда қарындашты, дәптерді қалай ұстауды үйретті.

Келесі сабақта Фарида апай біздің нешеге дейін санай білетінімізді байқады. Мен онбірге дейін санап шықтым. Аналия алтыға келгенде, жалылып қалып, қайта санап әрең дегенде сегізге жеткізді. Фарида апай бізге класстың ішіндегі терезелерді, парталарды санапты. Мұнда да мен жаман санағам жоқ. Тек қана бір партаны артық санап жіберіпші.

— Сабақ бітті, үйлеріңе қайтуға болады — деді.

Біз сыртқа шыққанда, мектептің алдында апам тосып тұр екен. Мен апамды барып кұшақтай алдым. Аналияның атасы келіпті. Бәріміз үйге қайттық.

**Анар ӘУБАКІРОВА,**

Алматы қаласы, 12-қыз балалар орта мектебінің 1-класс оқушысы.

## Қайтадан мектепке

Біз бүгін мектепке ертерек келдік. Барлығымыз да өзіміздің сүйікті оқытушыларымыз бен жас достарымызды көруге асықтық. Олармен әңгімелескіміз де келді.

Біздің 7-класстың оқушылары физкультура алаңына оқийналды. Әрқайсымыз жазғы дем алысты қалай өткізгенімізді әңгіме етіп айттық. Мен балаларға жазды күні «Заря» кинотеатрына барғанымды, онда көптеген жаңа фильмдерді көргендігімді айттым.

Қақтай Елеусізов жазғы демалысты ауылда өткізіпті. Онда ол ауыл пионерлерімен достасыпты. Колхоздың шөп шабу, егіп жыйнау жұмыстарына көмектесіпті.

Ал, Камила Исақова Ақкөлдегі пионер лагеріне барыпты. Өлке тану саяхатына қатысыпты және көптеген гербарий мен коллекциялар жыйнап мектепке әкеліпті.

Біз үстіміздегі жаңа оқу жылында бар күш — жігерімізді салып жақсы оқыйық дедік. Демалыс күндері бірігіп киноға, музейге баруға, қызық кітаптар оқуға келістік.

**Қафия АЙНАБЕКОВА,**

Ақмола қаласы, 5 қыз балалар мектебі.



Алматы қаласы, № 12 қыз балалар мектебінің 1-класс оқушылары. Солдан оңға қарай: 1. Ешимова З., 2. Әубакірова А., 3. Сайфулина А.

# БІЗДІН, Ұлы мерекеге тартуымыз

## Уәдемді орындадым

Біздің мектептің оқушылары быйыл оқу жылы аяқталысымен ұйымдасқан түрде колхоздың егін даласына жұмысқа шықты. Біз быйылғы жылдың сын жыл екенін, еліміздің кәрі жасының бәрі быйыл ұлы октябрь революциясының даңқты 30 жылдығын тойлайтынын жақсы түсіндік.

Быйыл республикамыздың барлық еңбекшілері, оның ішінде біздің ата-анамызда көсеміміз ұлы Сталин жолдасқа хат жазып міндеттемелер алды. Олар малды көп төлдетіп аман сақтауға, егінді бітік өсіріп мол өнім алуға міндеттенді.

Менің шешем басқарған звено баптап өсіруге 20 гектар бидай егісін алды.



және оның әр гектарынан 20 центнерден өнім беруге міндеттенді.

Оқу жылы аяқталысымен шешеме көмектесуге жұмысқа шықтым.

Бидайды суару, арам шөптен тазарту, сол сыяқты түрлі жертыңайтқыштармен қоректендіру жұмыстарының барлығына белсене қатысып отырдым. Еңбеккүнді үлкендермен бірдей тауып жүрдім.

Бидай өте жақсы шықты. Енді қырманда таспен бидай бастырып жүрмін. Шешем басқарған звеноның учаскесінен мол өнім алынды. Әрбір гектар жерден 23 центнерден өнім түсті. Мен өзімнің берген уәдемді бұлжытпай орындап, жазғы дем алысымда 162 еңбеккүн таптым. Ертең бүкіл еліміз Октябрь революциясының 30 жылдығын тойлап, табысын ортаға салған күні мен де өзімнің ел үшін сіңірген азғана еңбегімді мақтан ете аламын.

Т. ТЕРГЕУБАЕВ,

## 500 еңбек күн

Оқу жылы аяқталып, акыргы пәннен сынақтан өтіп шықтық. Сол күні класс жетекшіміз бізбен өңгіме өткізді. Ол біздің жазғы дем алыс кезінде не істеуіміз керек екенін түсіндірді.

— Быйыл, — дед оқытушы, — бүкіл еліміз болып ұлы Октябрь социалистік революциясының 30 жылдығын мерекелейді. Қазір әрбір саналы совет азаматы бұл ұлы күнге өз істерінде жана табыстармен баруға қызу әзірленіп жатыр. Жұмысшылар өндірісте, колхозшы-шаруалар егін даласында мерекеге лайықты сыйлықтар даярлауда.

Бұл жұмысқа сендер де қатысуға тиістісіңдер. Егін баптау және оны жыйнау, сол сыяқты мал өсіру жұмыстарында сендер ата-аналарыңа, тұрған колхоздарына көмектесулерің керек.

Оқытушының бұл кеңесін оқушылардың бәрі қызу қуаттап, қарсы алды. Жазғы дем алыс кезін колхоз шаруашылығына көмектесіп өткізуге, сөйтіп ұлы мерекеге бізде лайықты сыйлықтармен баруға бір ауыздан уәде бердік. Мен жазғы дем алысымда жайлауға барып мал бағатынымды айттым.

Ертеңіне колхоз басқармасына бардым. жайлауға баратын бойдақ сыйырларды бағуға рұхсат алдым. Шешем оған түнгі күзетші болып орналасты.

Жаз бойы біз де басқа малшылармен бірге Алатаудың ең соңы, шөбі шүйгін жайлауларының бірінен соң біріне көшіп жүрдік. Ең алғаш «Үшқоныр» тауында бір аз отырдық. Одан «Ақтасты», «Күмбел», «Жасыл көл» жайлауларында болдық. Шыбынсыз салқын жайлауда баққан сыйырларым тез ет алып семіріп кетті. Мен сыйырлардың бұдан әрі де семіре беруі үшін оның өрісін күн сайын өзгертіп бағып отырдым. Түсте өзен жағасындағы биік жартастардың көлеңкесіне айдап келіп иіріп тынықтырып жүрдім.

Жақында колхоз малы жайлаудан далаға түсті. Мен де баққан сыйырымды жайлаудан аман-есен семіртіп түсірдім. Үш ай сыйыр баққаным үшін 400 еңбек күн, оларды семірткенім үшін 100 еңбек күн, барлығы 500 еңбек күн таптым.

Бұл менің ұлы Октябрь социалистік революциясының 30 жылдық мерекесіне тартуым.

Мойлау ЖАМАНҒАРАЕВ,

Алматы облысы, Жамбыл ауданы, «Майбұлақ» колхозы мектебінің 7-класс оқушысы.



# пионерлер шежіресі

В. И. Ленин атындағы жас пионерлер ұйымының тарихынан

(Соңы. Басы өткен епідарда)

1943

Март.

Новая Уда селосының пионерлері мен мектеп оқушыларының Сталин жолдасқа жазған хаты жарияланды. Балалар ұлы көсемімізге колхозда қалай жұмыс істегендіктерін, фашист басқыншыларға қарсы күресте Қызыл Армияға қалай көмектескендіктерін жазған болатын. Сонымен қатар пионерлер «Иркутскі пионері» атты танк колоннасына 9.400 сом жыйнағандықтарын, жетім балаларға көмектесу қорына 1.500 сом жыйнап өткізгендіктерін, Қызыл Армия жауынгерлеріне 186 бөлек сәлемдеме жібергендіктерін жазды.

Сталин жолдас пионерлер мен мектеп оқушыларына, оқытушылар мен колхозшыларға деген жауап хатында былай деп жазды:

«Новая Уда селосының Қызыл Армияға деп сәлемдеме, «Иркутскі пионері» атты танк колоннасын жасауға және же-шешесіз қалған балаларға деп харажат жыйнаған пионерлеріне, мектеп оқушылары мен оқытушыларына және сондай-ақ «Иркутскі колхозшысы» атты танк колоннасын жасауға деп 500.000 мың сом жыйнаған, Қызыл Армия қорына астық және сыйырлар өткізген колхозшылары мен колхозшы әйелдеріне менің туысқандық және Қызыл Армияның алғысын тапсырындар».

Июнь.

М. И. Калинин Пенза облысының комсомолецтері мен колхозшы жастарына, пионерлері мен мектеп оқушыларына арнап ашық хат жазды:

«Қымбатты жолдастар, — деп жазды Михаил Иванович, — арам шөпке қарсы сіздер ұйымдастырған жаппай жорық үлкен мемлекеттік іс болып саналады. Алда-жалда Сіздер жастарға тән жігерлілікпен егіс даласындағы арам шөптерді дер кезінде және толық күртсандар. Пенза облысының колхоздары мен совхоздары ауыл шаруашылық егістердің барлық түрінен, сөзсіз, анағұрлым мол өнім алады.

Ең бастысы, мұнымен Сіздер майдаға көмектесесіздер. Қызыл Армияға қосымша көп астық, картоф, овоштар бересіздер...»

Октябрь.

Совет елі Ленин — Сталин комсомолының 25 жылдығын тойлады.

Комсомолдың даңқты мерекесін пионерлер оқуда, еңбекте жаңа табыстармен қарсы алды. Москвадағы 430-мектептің пионерлері той күніне арнап 100 тонна металл сынықтарын жыйнады, Мирзангүл ауданының пионерлері 75.000 килограмма мақта жыйнады және Харьков қаласының пионерлеріне 2.022 килограмма бидай мен 5.000 сом ақша сәлемдеме жіберді. «Артекте» дем алып жатқан пионерлер көктемде егілген 10 гектарлық «пионер даласынан» 1.125 пұт астық жыйнап, оны Қызыл Армия қорына өткізді. Сталинградтың Қызыл октябрь ауданының мектеп оқушылары немістер талқандап кеткен мектепті түзетуде үлкендерге көмек көрсетті.

1944

Январь.

Днепропетровскі облысының Терны селосы азат етілісімен-ақ жергілікті пионерлер өздері оқитын мектептерін оңдай бастады. Олардың әрқайсысы үйлерінен орындықтар, столдар, кітаптар әкелді. Гаян Андрейченко Сталин жолдасын суретін әкелді, ол көсемнің суретін екі жыл бойы фашистерден жасырып сақтаған болатын.



Терны селосының мектеп оқушылары сияқты, совет әскерлері фашист қарақшылардан азат еткен басқа да жүздеген қалалар мен селолардың балалары немістер бұзып, қыйратып кеткен мектептерді қалпына келтіруде үлкендерге көп көмек көрсетті.

\*\*\*

БЛҚЖО Орталық Комитеті, Оқу халық комиссариаты, Жер халық комиссариаты және Совхоздар халық комиссариаты пионерлер мен оқушылардың 1946 жылғы ауыл шаруашылық жұмыстарға Бүкілодақтық социалистік жарысының қорытындысын шығарды.

БЛҚЖО Орталық Комитетінің ауыспалы туы мен Оқу халық комиссариатының сыйлығы Ленинградтың 10-мектебінің пионерлері мен оқушылары алды.

БЛҚЖО Орталық Комитетінің ауыспалы туы мен ССРО Жер халық Комиссариатының сыйлығы Свердлов облысындағы Қирчинскі мектебінің пионерлері мен оқушылары алды.

Апрель.

БЛҚЖО Орталық Комитеті металл сынықтарын ойдағыдай жыйнағаны үшін Киров қаласындағы 6-мектептің пионерлерін құрметті грамотамен наградтады және 15.000 сом сыйлық берді.

\*\*\*

Жауынгерлік тапсырманы орындап жүрген кезінде жас партизан—Керчь қаласының пионері Володя Дубинин ерлік өліммен қаза тапты.

Володя Дубинин ССРО Жоғарғы Советі Президиумының Указы бойынша Қызыл Ту орденімен наградталды. Керчь қаласының пионер-партизан тұрған көшесі Володя Дубининнің атымен аталды. Сондай-ақ Володя Дубининнің есімі Керчь қаласындағы өзі оқыған 11-мектепке де берілді.

1945

Июнь, 10.

«Пионерская правда» газеті 20 жасқа толған күні оны Еңбек Қызыл Ту орденімен наградтау туралы ССРО Жоғарғы Советі Президиумының Указы жарияланды.

\*\*\*

Газеттің тойына арнап Сталин жолдас кұттықтау жіберді, онда былай деп жазған еді:

«Пионерская Правда» газетінің 20 жылдығы күні бұл газеттің редакциясын, жас тілшілерін, оқушыларын кұттықтаймын. «Пионерская Правда» газеті совет балаларының білім алуына, пионерлер мен мектеп оқушыларын ұлы ұстазымыз Лениннің өсиеттері рухында тәрбиеленуіне көмектесіп отырады.

«Пионерская Правданың» лениншіл жастарды отанымызға шын берілгендік рухта тәрбиелеу ісінде жаңа табыстарға жетуін тілеймін».

Август, 11.

Кутузов орденін алған Н. атқыштар полкі командованиесінің өкілі Касторное қаласының пионерлеріне Касторное қаласының пионерлерлік туын тапсырды. Бұл туды жауынгерлер Касторное қаласын жаудан азат етерде бір үйдің еденінің астынан тауып алып, оны ұрыспен нақ Кевигсбергтің өзіне дейін апарған болатын.



Сентябрь.

Новосибирскі облысындағы Леюстасво селосының пионерлері Г. З. Сергеевтің басшылығымен мектепте «Жас техниктер станциясын» ұйымдастырды. Балалар кітапхананың кітаптарын түптеп, мектеп үшін мебельдер, тағы сондай үй тұрмысына керекті заттар жасап шығарды. Пионерлер өз мастерскаяларына 3000 қалам сап істеп шығарып, ауданның барлық мектептеріне қалам саппен қамтамасыз етті.

Жас натуралистер үлкен бау-бақша өсіріп, тұқымның шығымын байқаула колхозға қолқабыс тигізді.



1946

Март.

Москваың Миклухо-Маклай атындағы отрядының пионерлері туған өлкемен танысу сапарына шықты. БЛКЖО Орталық Комитеті бұл отрядтың бастамасын мақұлдап, бүкіл Советтер Одағының пионерлерін Москва пионерлерінен үлгі алуға шақырды.

Июль, 25.

БЛКЖО Орталық Комитеті пионер ұйымдарында сайлау тәртібін енгізу туралы қаулы алды. БЛКЖО Орталық Комитетінің қаулысы бойынша звено вожатыын, отряд советін, дружина советін пионерлердің өздері сайлайды.

Август.

Москваға Татариядан, Краснодар өлкесінен, Башкириядан, Литвадан, Кабардадан, Эстониядан және басқа республикалардан, өлкелерден, облыстардан өлке таву саяхатында болған пионерлер келді. Балалар Москвамен танысты, олар бір-біріне отряд жұмыстары және өздерінің саяхаттары туралы айтты. Қонақтардың құрметіне Измаил паркінде достық костері өткізілді, оған Москва пионерлері және БЛКЖО Орталық Комитетінің қызметкерлері қатынасты.

28 август күні балалар БЛКЖО Орталық Комитетінде болды, саяхатты жақсы ұйымдастырған оқытушылар мен вожатылар БЛКЖО Орталық Комитетінің грамоталарымен наградталды. Өлкетану саяхатын алғаш бастаған Москвадағы Миклухо-Маклай атындағы отряд советінің председателі Юра Родионовқа БЛКЖО Орталық Комитетінің грамотасы тапсырылды.

Шежірені жазған А. ГУСЕВ.  
Қазақшылаған

Т. ТӨГІСОВ

## Оқушыларымыздың шығармалары

### ТУҒАН ЕЛІМ

Кен дала, күміс көлім, асқар белім,  
Сүйгенім—сен, жүрегім—туған елім,  
Сен үшін еңбегім ақ, жан аямай—  
Қызмет етсем арманым бар ма менің?

Күш алып күннен күнге  
Қуаттанып,  
Көркейдің зор жеңіспен даққын  
Жарып.

Болуға сол жеңістің қорғанышы  
Мен солдат дайын тұрған қару алып.

Жеткенде мақсатыма, тілегіме,  
Өскенде алтын нұрлы танмен бірге,  
Тұрғанда күндей күліп сүйікті Отан,  
Қалайша от жанбайды жүрегімде!

Отаным, туған анам, сүйген халқым,  
Сәулетті салтанатты жүзің жарқын,  
Зор еңбек, зор біліммен қызмет етіп,  
Сен үшін жан аямай—менің антым.

Әдібай ТАБЫЛДИН.

Жамбыл облысы, Луговой ауданы,  
Жаңа тұрмыс орта мектебі.

### ТРАКТОРШЫ АҒАЙҒА!

Күн күліп көк бетінде себелеп нұр,  
Құлпырып егін жайлы ой менен қыр,  
Аулымды ұлы еңбекке шақырғандай,  
Жарқырап Ленин туы желбіреп тұр!

Ақ шатыр кең далама тігілген қос,  
Жұмыссыз еш адам жоқ отырған бос,  
Бәрі де өз міндетін орындауда,  
Еңбекпен біте қайнап, бірге өскен дос.

Жүрісі «экспресс» шабысындай,  
Гүрілі Тайбурылдың дабысындай,  
Қайраты қақыратқан жер қыртысын,  
«Красиннің» көк мұзды жарысындай!

Тау тарпып табанымен анау қырда,  
Даланы өндірістік бөлеп жырға,  
Бом дене, батыр тұлға, болат мүсін,  
Жүр, әне, құрыш күшті тракторда.

Шымынды шымылдықтай түріп айдап,  
Қыртысын кара жердің тіліп айдап,  
Дүйсенбай еңбек ері егін жайда  
Алысып трактормен барады ойнап.

Ордабек КҮРЕКБАЕВ,

Оңтүстік Қазақстан облысы,  
Шымкент ауданындағы Сталин  
атындағы орта мектеп.

# АННА ЖЫРҒА

Т. МҰКАНОВ

Айналайын бөбегім,  
Аузымдағы өлеңім,  
Ойымдағы қыялым,  
Шыбын жанды қыярым.

Ішкі-баурым, жүрегім,  
Арман, үміт, тілегім,  
Қарашығы көзімнің,  
Алданышым өзімнің!

Жарығым, көз жанарым,  
Бетке біткен ажарым,  
Аузымдағы ұраным,  
Қолымдағы құралым.



Еркем, ерке буланым,  
Жас балдырған ұланым,  
Қанша сүйсем сені мен,  
Қанар ма екен құмарым!

Бөбегім ер жетерсің,  
Білім қуып кетерсің,  
Оқып әбден жетіліп,  
Ғалым болар ма екенсің?!

Біліміңмен ғаламға  
Мәлім болар ма екенсің?!

## БӨБЕКТЕРҮШІН

Тепсе темір үзетін  
Батыр болар ма екенсің?!  
Сөзден маржан тізетін  
Ақын болар ма екенсің?!

Ушқыш болар ма екенсің —  
Күнге жақын баратын?!  
Қыран болар ма екенсің,  
Қыйыр шеттен шалатын?!

Әнші болар ма екенсің —  
Аузынан бал таматын?!  
Күйші болар ма екенсің,  
Құлақ құршы қанатын?!

Айналайын бөбегім,  
Кішкене қол қанатым!  
Көңілімнің көркі — сен,  
Өмірімнің көркі — сен,

Мақтанышым менің — сен,  
Жарық сәуле, күнім — сен,  
Жас бөбегім, ұланым,  
Келешегім менің — сен!



## Сәуле мен Қуыршақ

М. ХАКИМЖАНОВА

— Қуыршақ, қуыршақ,  
Менің атым Сәуле,  
Сенің атың кім?  
Сұрап тұрмын ал, сөйле!

Мен сенен үлкенмін,  
Білесің бе өзің?

Сені көтеріп те жүремін,  
Сонда да шаршамаймын өзім.

Ұрыспаймын, ұрмаймын,  
Аузыңды аш, аузыңды аш.  
Қант беремін, май беремін,  
Болмасын деп қарның аш.

Мен — пионер,  
Сен — октябріңкісің?  
Өзің айтпасаң,  
Досым-ау, оны кім білсін?!





Жас дос, сен табиғат дүниесі қоршауында өмір сүресің. Онда сен білмейтін көптеген қызық оқығалар мен құбылыстар бар.

Егер табиғат құбылысы және ғылым мен техника жөнінде өзіңнің түсініксіз сұрауларың болса, редакцияға жазып жібер. Редакция сенің сұрауыңа жауап қайтарады.

## ШАЙ МЕН КОФЕ ҚАШАН ШЫҚҚАН?

XVII ғасырда Москвада болған жиһанкез Кемпфер: «Бұл ел сыра мен арақты ас үстінде ішеді, ал астың артынан сұйық ішеді екен» деп жазынты.

Бізде ол кезде шай мен кофенің атын да ешкім естімеген. Ақшәйнекте, самауырын да болмапты.

1610 жылы Еуропаға шайды Голландияның саудагерлері Ява аралынан әкеліпті. Олар әкелген жаңа товарларын жер-көкке сыйғызбай мадақтапты. Шайды қасиетті шөп деп, тәулігіне 40—50 тостаған ішуге ұйғарыпты. Сол кезде голландықтардың бір дәргері қандай ауруға болсын, дәрінің орнына шай ұсынған екен. Расында шай жай ғана шөп емес, оны шай ағашының жапрағынан жасайды. Шай дәрі де емес, қою қып қайнатқан ащы шай денсаулыққа зиянды. Ағашқы шайды өте қымбат болғандықтан, тек дәулет мол адамдар ғана сатып алып ішеді екен.

Шайдан кейін кофе пайда болады. Француз саудагерлері Турция мен Египеттегі таңғажайып ағаштар туралы аңыз айтып келеді. Сол ағаштың дәнінен сусын жасап, оны «каоно» деп атайды екен. Бұл сусын адамның көңілін көтеріп, әл-қуатын арттырады.

1665 жылы Саммуил Калликке деген дәргер Алексей патшаға дәрі алуға қағаз жазып беріпті. Ол қағазда: «Парсылықтар мен түріктердің ас соңынан ішетін кофе мен чаго дейтін сусыны тұмауды, бас ауырғанды жазатын дәрі», — деп жазынты. Міне, осыдан бастап Ресейде шай, кофе тарай бастады.

## ХАЮАНАТТАРДЫҢ «ӨЗІН ӨЗІ ӨЛТІРУІ»

Жапрақтар сарғайып, үзіліп түсіп жатыр. Түсі қуаң тартқан шөптерге түскен шық күн көзіне шағылысқан күмістей жарқырап, таң ертең көпке дейін келпейді. Құстар да жылы жаққа қайтып кеткен, тек бұл жақта қыстап қалатындары ғана кездеседі. Құздің қара суығы басталғанмен

бұл жақты қыстамайтын, шыбын-шіркеймен тамақтанатын кішкентай шымшық торғай әлі жүр. Ол барлық құстан кеш қайтады.

Осы мезгілде орман ішінде кейбір хаюанаттардың «өзін өзі өлтіруін» көруге болады.

Тарғыл қанатты бір топ құрды көрісімен демиді ішіңе тартып, ұрлана басып қасына таяу келсең, қарсы алдынан өліп жатқан шубар тышқанды (бурундукті) көресің. Ол ағаштың бұтағында мойнынан асулы тұр. Ол бұдан бір жұма бұрын өлген тәрізді. Оның аузында тістеген дөңгелек жапрақты орман өсімдіктерінің бір уыс дәні бар. Басы ісіп-кеуіп, торсыйып жұп-жұмыр боп кетіпті. Осыған қарап бұл қысқа азық жыйнап, жанталасып жүрген кезде өлген деп айтуға болады.

Кейбір құстар жемтігін тығып сақтап қойып, ағаш бұтағына іліп кетіп, соңынан кеп жейді. Мысалы, қара тағанақ солай етеді. Бірақ, ол үлкен құс емес, оған қарағанда шубар тышқан едәуір үлкен, сондықтан оны қара тағанақ жемтік етіп, ағашқа мойнынан іліп кете алмайды.

Бір аңды өлтіріп, етін тығып қоюға аю өте әуес болады. Ал, шубар тышқанды аю-ақ өлтіріп кетті дейік, бірақ кішкентай орман тышқанын кім өлтіріп бұтаққа асып кетеді? Дәу жыртқыш аң ауыз толмайтын кішкентай тышқанды өлтіріп бұтаққа асып кетіп, қайтөді?

Шубар тышқанның өзін-өзі өлтіруінің бір-ақ жолы бар.


Шубар тышқан қысқа азықты өте қарбалас тез жыйнап алуға тырысады, азықты ұртына шықшытын кере толтырып, кептеп тасыйды. Ішіне қайтып келе жатқанда, ағаштың бір бұтағының басынан екіншісіне секіреді. Көтеріп келе жатқан жүгімен бұлай секіру оған оңайға түспейді, кейде бір бұтақтан екінші бұтаққа секіргенде, оның алдыңғы аяғы барып жабысқан бұтақ ө дегенде оның салмағымен майысып кетіп, қайтадан серіліп қалына келгенде, шубар тышқанның мойнының екі бұтақ шал беріп қысады да қалады. Содан ол буынын өледі.


Орман тышқандары ағаштың бұтақтарына шығып жорғалап жүруге өте шорқақ келеді. Жел ағаш басып

шайқалтса болғаны, тышқан тармақтан тайып жерге түсіп өліп қала береді.

Шаянның «өзін-өзі өлтіретіні» жұрттың бәріне мәлім. Оның себептері толып жатыр. Егер шаянды жанған шөкпен қоршап қойса, ол өтетін жер іздеп зыр жүгіреді. Сөйтіп жанталасып жүріп, бір кезде кілт тоқтайды да, біз күйрығымен желкесін өзі шағып алып, шалқасынан түседі. Сөйтіп әпсәтте өліп қалады.

Расында, бұл жерде шаян өзін өзі әдейі өлтірген жоқ. Кейде бірнәрсеге ауыр өкінішпен күйінгенде, не бір күшті әсер алғанда адам өз ернін өзі тістеп алады, немесе бармағын шайнайды. Шаянда да осындай жағдайдың болуы ғажап емес. Мынадай бір тәжірибе оған дәлел бола алады. Егер бірнеше еркек шаянды бір төңкерілген ыдыстың астына қойса, олар бірімен бірі төбелесіп, ең соңында біреуі қалғанша қырылысады. Артында қалған біреуі енді өлтіретін ешкімді таба алмағандай, өлі шаяндарды аралап зыр жүгіреді. Сөйтіп қызынып, лешіріп жүргенде, біз күйрығын желкесіне сұғып алып, шалқасынан түседі де әудемде өліп кетеді.





2. «ТОҒЫЗ КЛЕТКА»

«Пионер» журналының 1947 жылы 5-санында басылған «Тоғыз клетка» деген жұмбақ-суреттің жауабы.

4	3	8
9	5	1
2	7	6

ЖҰМБАҚ

Ауыр ақ, бірақ түсер салмағы жоқ,  
Артқанның арып кейін қалғаны жоқ,  
Арқалап бірін қоймай көтергенін  
Аяғы ешуақытта талғаны жоқ,  
Ойлағып шеңіңіздер, ол неткен жүк,  
Неліктен ауырсынбай артады оны?  
Қайда барам десе де жылдам жетед,  
Түнде де жап-жарық боп жүрген жолы.

Ғазиза НҰРТАЗИНА

1. «ҚАЗАҚ ҚЫЗЫ»

«Пионер» журналының 1947 жылы 3-санында басылған «Қазақ қызы» деген чайвордтың шешуі:

1. Дина,
2. Айман,
3. Назым,
4. Мамыр,
5. Рауза,
6. Ақбәпе
7. Еңлік,
8. Күлбағрам,
9. Мариям,
10. Мәншүк,
11. Күләш,
12. Шолпан,
13. Ләйлә,
14. Әлия.

Дұрыс шешуін жібергендер: Кеңес Қаймолдина (Отар станциясы, «Ақтерек» колхозы), Сәуле Сатыбалдина (Қостанай облысы, Ұлгілі мектебі), Лина Скақова (Павлодар, 5-мектеп), Роза Нажкенова (Павлодар, 13-мектеп), Сексенбай Раханов (Қызылорда облысы, жаңақорған ауданы, Бірлік мектебі), Ләтіпбай Сыйжанов (Ақтөбе облысы, Қарабулақ ауданы, Қызыл — жұлдыз мектебі).

ОҚУШЫЛАРЫМЫЗҒА ЖАУАП

— Пионер, өзің қалауы бойынша, күн сайын пионерлік галстукті байлап жүруіңе бола ма?

Комсомолдың Орталық Комитетінің қаулысы бойынша пионерлер салтанатты жыйындарға келгенде, маршта жүргенде, сайранға шыққанда міндетті түрде мерекелік киімдерін киіп, мойындарына галстук байлап, кеуделеріне значок тағып жүрсе болғаны. Бірақ, пионер өзің қалауы бойынша, күн сайын галстук байлап та, значок тағып та жүруіңе болады.

— Пионерлер тек значок тағып, галстуксіз жүргенде біріне бірі салют беріп сәлемдесуіңе бола ма?

Я, болады.

— Аға вожатый үнемі галстук тағып жүруге тиіс пе?

Аға вожатый пионерлердің арасында (мектепте, сайранда т. т.) жүрген кезінде міндетті түрде галстук тағып жүруі керек.

— Бастауып мектепке дружина болмай, бір ғана отряд болса, ол отрядтың туы бола ма?

Бастауып мектептегі отрядтардың өздерінің тулары болады. Туды комсомолдың не аудандық комитеті, не қалалық комитеті тапсырады.

— Пионерлер мұғалімдерге қалай амандасуы керек — салют беріп сәлемдесуі керек пе яки иіліп сәлемдесуі керек пе?

Пионер «Оқушылар үшін ережені» бұлжытпастан орындайды. Ал, ол ережеде оқушы мұғалімге иіліп сәлемдеседі, деп жазылған.

М А З М У Н Ы

	бет	Оқу жылы басталды	18
И. Нұрмамбетов — Жас достар, жақсы оқындар		Біздің ұлы мерекеге тартуымыз	19
Ж. Саин — Мектепке (өлең)	1	Пионер шежіресі	20
Москва—Отан жүрегі	2	Біздің оқушыларымыздың шығармалары	21
М. Пришвин — Күн қоймасы (ертегі-аңыз, соңы)	7	Т. Мұқанов — Ана жыры (өлең)	22
Ғ. Сланов — Аңшының әңгімесі (әңгіме)	10	М. Хакімжанова — Сәуле мен қуыршақ (өлең)	23
Б. Сланов — Мойынты-Шу (очерк)	12	Білгім келеді	24
Батыр пионер	14	Ойлап тап	
Н. Әзілхан — Білім (өлең)	15	Е. М. Браун — Астана жас шахматшыларының турнирі	
Үш орденді комсомол	15	Ел аузынан	
А. М. Черкасский — Сурет өнерін сүйе де, үйреке де біліңдер	17		

Мұқабаның 1, 4 — беттеріндегі суреттерді жасаған суретші Н. Лебедев пен В. Нестерев жолдастар.

Редколлегия мүшелері: Т. Абдрахманов (жауапты редактор), Н. Ахмедова, Э. Бектұров, К. Борамбаев, К. Жармағамбетов, М. Иманжанов, Э. Сәрсенбаев, Э. Сытдыков, А. М. Черкасский.  
Тех. редактор А. К. Доморошин.

Редакцияның адресі: г. Алма-Ата, проспект Сталина 73. Редакция журналы «ПИОНЕР».

Подписано к печати 31X 1947 г.

УГ03660

Объем 3 п. л.

Тираж 10.000

Гостипография № 3. Управления полиграфии и издательств при Совете Министров КазССР  
гор. Алма-Ата, Проспект Ленина 2. Заказ № 849

462303

# ШАХМАТ

## ойыны

### АСТАНА ЖАС ШАХМАТШЫЛАРЫНЫҢ ТУРНИРИ

I-категориялы шахматшы  
С. М. БРАУН

Шахмат бүкіл жер жүзі халықтарына кең тараған, өте қызықты, халықтың құмартып ойнайтын ойындарының бірі. Шахмат ойынында ұту, бірінші орын алу, шахмат чемпионы болу үлкен атақ, әрі абройлы іс. Шахмат ойынының шеберлері біздің республикамызда да аз емес. Жуықта ғана республикамыздағы астанасы — Алматы қаласында жас шахматшылар турнирі болып өтті. Турнир 15 күнге созылды. Қазақстан астанасының чемпионы, бірінші категориялы шахматшы Елғазы Қожақметов жолда та турнирге катысты.

Бұл жарыста жеңіске ие болған жас шахматшы Әлім Дадыбаев. Ол Алматыдағы Тау-кен институтының студенті. Әлім бұл турнирде 10 рет ойнап, 8інде ұтты, бір ойында ұтылып, бір ойында қарсы ойнаушымен екеуі ұтыса алмады. Сөйтіп Әлім 8,5 очкі алды.

Турнирде екінші орынға 8 очкі алған Игорь Маноков, үшінші орынға 7, очкі алған Олег Брижак ие болды.


Астана чемпионы Елғазы Қожақметов бұл турнирде сәтсіздікке ұшырағанын айта кету керек. Елғазы үш ойында ұтылып, үш ойында тең шықты. Тек төрт ойында ғана ұтты. Елғазы да, ол қатарлы ойнаған 28-орта мектептің оқушылары Давид Фарбер, Қим Резник әрқайсысы 5,5 очкі алып, төртінші, бесінші, алтыншы орындарға ие болды.

Бұл жолғы турнир астана жас шахматшыларының едәуір өскендіктерін көрсетті. Сонымен бірге шахмат ойынына басқа жастардың да назарын аудара түсті.

Төменде шахмат ойынының қалай аяқталғаны жазумен көрсетілген. Ақ тастармен ойнаған Елғазы Қожақметов, қара тастармен ойнаған 25-мектептің оқушысы А. Зарубинский.

Диаграммала көрсетілген екі жақтық ойынының бұл калпы ақ тастардың 51 жүрісінен кейінгі жағдай еді.

Қара тастармен ойнаушының бір пешкәсі артық. Ақ тастармен ойнаушы өзінің фигураларын жақсы орналастырған.



Қараның 51 жүрісі —  $\text{Фa2-f7}$

Ақтың 52 жүрісі —  $\text{Kv4-d5!}$

(күшті жүріс)

Қараның 52 жүрісі —  $\text{g6-g5}$

(хате жүрді)

Ақтың 53 жүрісі —  $\text{g2-g4!}$

Қараның 53 жүрісі —  $\text{K.f5-h4}$

Қара тастармен ойнаушы өзінің королін мат болу қаупінен енді сақтай алмайтын жағдайда қалды.

Ақтың 54 жүрісі —  $\text{K.d5-f6}$

Қараның 54 жүрісі —  $\text{Kp.h7-g6}$

Ақтың 55 жүрісі —  $\text{Фe5-e4!!+}$

(өте күшті жүріс)

Ақ тастармен ойнаушы қара тастармен ойнаушының атын королмен еріксіз алғаннан кейін, келесі жүрісте қара тастармен ойнаушының мат болуы айқын еді.

Сондықтан қара тастармен ойнаушы өзінің жеңілгенін мойындады.

Балалар, осы ойында қара тастармен ойнаушы А. Зарубинский өзінің 52-жүрісінде қандай хате жіберді және дұрыс жүргенде қалай жүруі тиіс еді? Соны редакцияға жазып жіберіңіз.

## Ел аузынан

Жер ортасы —  
көктөбе

Жиренше шешен бір жыйында болыпты. Сонда әркімдер Алдар көсені мақтапты. «Одан ақылды кісі жоқ, оны еш кім алдай алмайды», депті. Жиренше шешен бұрын Алдар көсені көрген жоқ екен. «Алдар көсе өңкей жамандарды алдап жүрген шығар. Ақылдыларды алдау қайда. Мені алдау оған қыйын, — депті.

Сонда жыйылған кісілер: «Барып, байқасып қара», — деп жауап беріпті.

Осыдан кейін Жиренше шешен Алдар көсені іздеп жолға шығады. Жиренше шешен келе жатыр деген хабар Алдар көсеге де жеткен екен. Алдар көсе өзінің үйінен шығып, тауға барып ерсіл-қарсыл алды-артына қарап сандалыпты да жүріпті.

Жиренше шешен келе салып: — «Сен не қылып жүрсін?» — деп сұрапты Алдар көседен. Сонда ол былай дая жауап қайтарыпты: — «Хан маған бір қыйын істі орнына келтіруге тапсырып еді. Жердің ортасының қайда екенін қадаммен өлшеп тап деп бұйырып еді. Қадаммен өлшеу қыйын екен. Өлшеуім таяғым үйде қалып еді».

Сонда Жиренше шешен: — «Ендеше мына менің атымды мініп барып таяғыңды алып келе ғой» — депті.

Алдар көсе атқа мініп алғаннан кейін: — «Жиренше, сен «жер ортасы көк төбе» деген сөзді білемісің?» — деп қулығын асырып кеткен екен. «Жер ортасы көктөбе» деген сөз осыдан қалыпты.




УҚЫПСЫЗ БАЛА ТУРАЛЫ



Кітабы жоқ қолында,  
Ылғый ойын соңында,  
Қағып өтер ыйықпен,  
Кім тұрса да жолында.



Етек кетер далақтан,  
Бос жүріспен салақтан,  
Сабақты жөнді ұқпайды,  
Өз бетімен алақтан.



Ілгек, түйме жулынып,  
Кешке дейін алысар,  
Әркімге бір ұрынып,  
Уысуға барысар.



Кітап, қағаз бәрі де  
Дал-дул болып жыртылған,  
Сыя төгіп бәріне,  
Сурет салар сыртынан.

**МҮНДАЙ БАЛА КӨП ЕМЕС,  
БІРАҚТА, БІЗДЕ ЖОҚ ЕМЕС.  
ОЙЛЫ БАЛА ҰҚСЫН ДЕП,  
МҰҒАЛІМНЕН БҮЛ КЕҢЕС.**

С. КАСИМАНОВ

Семей облысы, Ново-покровна ауданындағы  
Абай атындағы орталау мектептің оқытушысы